

«КОНСТИТУЦИЯ
– ҰЛТПЕН БІРГЕ
ДАМЫП КЕЛЕ
ЖАТҚАН ТІРІ
ОРГАНИЗМ»

Конституция күні – барша халық үшін маңызды күн, ерекше мейрам. Алаштың айыбына, азаттықтың алтын арқауына айналған Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 30 жыл толып отыр. Еліміздің тәуелсіздігін заң жүзінде бекітіп, халқымыздың рухани мұрасы мен тарихи тағдырын айшықтаған бұл қасиетті құжат отыз жылдан бері мемлекеттегі барлық жағымды бастамалардың жаршысы, берекелі істердің бағдары болып келеді.

Конституцияның 30 жылдығы жай ғана тарихи дата емес. Бұл – халқымыздың ғасырлар бойғы арманы мен тәуелсіздігін шындыққа айналдырған мерейлі күн. Ата Заң – азаматтардың өз тағдырын өзі айқындап, болашағын бекем құрған тарихи сәтінің бірегей белгісі.

30 жылдық белесте орын алған ізденістер мен іркілістер, табыстар мен талпыныстар тәуелсіздіктің оңай келмегенін, Ата Заңның қажырлы еңбек, үлкен жауапкершілікпен қабылданғанын дәлелдейді. Бүгінгі біз тәу еткен тұғырлы заң – халық қалауы, азаматтар арманының түпкі нәтижесі. Себебі Бас құжат – еліміздегі ең терең зерделенген, ең көп талқыланған, ең көп пікір мен ұсыныс айтылған құжат екені белгілі. Дерек пен дәйектерге үнілсек, Қазақстанның Конституциясын талқылауға еліміздің 3 миллионнан аса тұрғыны белсене атсалысып, көпшілік тарапынан 1100 ұсыныс-тілек айтылған. Соның арқасында Конституцияның 55 бабы жаңғыртылған. Бүкілхалықтық референдумға республиканың 8 миллионнан аса тұрғынының қатысып, оның 90,51 пайызының Ата Заңды қолдап дауыс беруінің өзі билік пен халық арасындағы үндестікті, түсіністікті көрсетсе керек.

Бүгінгі Конституцияда сонымен бірге Нағашыбай Шәйкеновтей білікті реформатордың қолтаңбасы мен еңбегі бар.

(Жалғасы 6-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Түрмедегі шетелдіктерді
«асырау» ауыр тиіп тұр



Шет мемлекеттердің сотталған азаматтарын өздеріне қайтарудан бас тартуы елдегі гуманитарлық дағдарысты күшейтуде. Бұған қылмыстық-атқару жүйесіндегі қаржыландырудың жеткіліксіздігі түрткі болып отыр. Депутаттардың пікірінше қаржының тапшылығы мемлекеттің бұл саладағы негізгі міндеттерін орындауына кедергі келтіреді.

ТАҒЫМ

ХАЛЫҚ СУДЬЯСЫНА ҚҰРМЕТ



«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді?!» – деп қазақ поэзиясының Құлагері Ілияс Жансүгіров жырлағандай, халық үшін қызмет еткендердің еңбегін бағалау – елдік міндет. Мұндай жақсы үрдістен сот саласы да шет қалмаған. Соның дәлелі Конституцияның 30 жылдығы қарсаңында Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық сотында заң саласындағы көрнекті тұлғаның бірі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген заңгері, Казталов ауданының халық судьясы Хаби Жақыповтың 110 жылдық мерейтойына орай ескерткіш тақта ашылды.

Салтанатты іс-шараға аудан әкімі Асланбек Сарқұлов, Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы Азат Ізбасаров, Хаби атамның ұрпақтары Мирболат және Төремұрат Жақыповтар, БҚО мемлекеттік банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы Серік Сүлейменов, «Батыс Қазақстан облысының кәсіподақтар орталығы» АҚБ төрайымы Айгүл Есекенова қатысты.

Мирболат Хабиұлы әкесінің қызметін елеп, құрмет көрсеткен аудан жұртшылығына ризашылығын білдіріп, Казталов аудандық сотына Хаби Жақыпов атындағы «Altair» жеке қорының алғыс хатын та-

быстады. Шара барысында судьяның өнегелі өмірі мен еңбегі туралы тағылымды естеліктер айтылып, кейінгі ұрпаққа үлгі етерлік ісі дәріптелді.

Хаби Жақыпұлы 1915 жылы 15 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңа Қазан ауылында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, ол 13 жасынан бастап отбасының тірегіне айналды. Жастайынан еңбекке араласып, сауат ашу курстарында ауылдастарына сабақ беріп, 1932–1933 жылдары салық жинау ісінде жұмыс атқарып, тұрмысы төмен жандарға қол ұшын берген.

(Жалғасы 2-бетте)



3-бет



Қытайда Қазақстанның
мәдени орталығы ашылды

4-бет



Ата Занды жаңғыртқан
ғұлама ғалым

8-бет



ҚАСАПШЫНЫҢ
КӨЗ ЖАСЫ...

МИНБЕР

«Конституция – ұлтпен бірге дамып келе жатқан тірі организм»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған қоса бұл құжат елдегі танымал заңгерлер Гайрат Сапарғалиев, Юрий Басин, Владимир Ким, Еркеш Нұрпейісов, Майдан Сүлейменовтердің тынымсыз ізденісінің жемісі. Ендеше, ел тілегін, халық қалауын, әлемнің дамуын, мемлекеттің келешегін ескере отырып дайындалған Ата Заңның отыз жыл өтсе де құндылығын жоғалтпай, бағасын түсірмей отыруының да сыры осында болса керек.

Конституция – мемлекетіміздің тұрақтылығы мен өркендеуінің берік іргетасы. Әлемдегі күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, Ата Заңымыз еліміздің бейбіт өмірі мен азаматтарымыздың берекелі тіршілігін сақтаудың сақшысына айналды. Негізгі заңның сапалы дайындалып, сауатты түзілуінің арқасында жаһандану дәуірінде Конституция қоғамдағы жаңғыру процестерінің бастауы болып, саяси жүйені демократияландыру, азаматтық қоғамды дамыту, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру ісінде үлкен маңызға ие болып келеді. Әсіресе, соңғы жылдары жүргізілген конституциялық реформалар халықтың ел басқару ісіне қатысуын кеңейтіп, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы теңгерімді нығайтты.

Конституция прокуратура саласының дамуына да серпін беріп, қадағалау саласында қуатты заңдардың қабилдануына, қарымды қадамдардың жасалуына қозғау салды. Осы ретте АҚШ-тың 27-ші Президенті Уильям Тафтың «Конституция тек құжат емес. Бұл ұлтпен бірге дамып келе жатқан тірі организм», – деген ұлағатты сөзі еске түседі. Көреген басшы көрсеткендей, біздің Конституциямыз да отыз жылдың ішінде бірнеше жаңғыруды, заман талап еткен өзгерістер мен толықтыруларды басынан кешірді. 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары қолға алынған жаңғыртулар барысында елдің дамуына, азаматтардың алаңсыз өміріне кепіл болар бірқатар тетіктер тәжірибеге енгізілді. Бұл өзгерістер Негізгі заңның өн бойына қан жүгіртті.

Конституцияда прокуратураға қатысты толықтырулар аз болған жоқ. Ата Заңның отыз жылдық тарихи шежіресінде айқындалғандай, Конституция мен «Прокуратура туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, прокурату-



раның өкілеттігі кеңейтілді, құқықтық мәртебесі нақтыланды. Соның арқасында қазақстандық прокуратураға:

- Мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау жүргізу;
- Мемлекет мүддесін сотта ұсыну;
- Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеті жүктелді.

Осының өзі құрылымның мемлекет дамуындағы маңызының зор, құзыретінің кең екенін көрсетеді. Бұдан бөлек Прокуратураға мемлекетке заңсыз алынған активтерді анықтап, қайтару; халықаралық ынтымақтастықты нығайту өкілеттігі берілгені мәлім. Соған орай саламызда қылмыстық қудалау және активтерді қайтару мәселесі бойынша шетелдік органдармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасалып; шетелдік және халықаралық соттарда мемлекет мүддесі қорғалуда. Сондай-ақ қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық шарттарды жасауда да прокуратураның еңбегі өлшеусіз. Бұл өзгерістер прокуратураның құқықтық жүйедегі рөлін күшейтіп, оның халықаралық деңгейдегі беделін арттырды.

Міне осындай іргелі өзгерістерге тұғыр болған Ата Заң – жай ғана баптар мен тармақтар жиынтығы емес, ол – ұлттың ғасырлар бойғы арманы мен тағдырын айшықтап, жүректен шыққан үнін жеткізген қасиетті құжат. Осындай тұғырлы заңды дәріптеу, маңызын арттыру тек мереке кезіндегі науқандық шара түрінде өтпейі керек. Мұндай маңызды шаралар жыл бойы,

үздіксіз жалғасуы керек. Ол үшін:

Біріншіден, құқықтық сауаттылықты арттырған дұрыс. Білім ордаларында құқықтану пәнін жан-жақты оқытып, Конституция күніне арналған ашық сабақ, пікірсайыс, байқаулар өткізу мерейлі мерекенің маңызын арттыра түседі.

Екіншіден, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кең көлемде қолға алу өзекті. Бұл жерде БАҚ арқылы Конституцияның маңызын насихаттап, әлеуметтік желілерде бейнеролик, инфографика тарату, Ата Заңның жеңіл тілдегі нұсқаларын жасау кезек күттірмейді.

Үшіншіден, білікті мамандарды қатыстыра отырып форум, кездесулер өткізіп, жастармен жұмысты жолға қойған абзал.

Сонымен қатар, Ата Заңның тарихын, маңызын, жаңашылдықтарын халық санасына сіңіру үшін патриоттық тәрбие беріп, елдің заңға деген құрметін қалыптастыру да өзекті. Осы мақсатта жастар арасында эссе, олимпиада, түрлі жарыстар ұйымдастырудың мәні зор.

Конституцияны білетін, Конституцияға сенетін, заңды бағдар ететін азаматтар көбейген сайын елде заңмен тәртіп сақталып, даму мен ілгерілеу болады. Сондықтан әрқайсысымыз Отанға, Конституцияға деген сүйіспеншілік пен сенімді отбасынан бастап орнықтыруға күш салғанымыз жөн. Себебі бабаларымыз айтқандай «Дұрыс қанаттанған балапан түзу ұшады».

Тыныштық пен татулықтың бесігі болып отырған Қазақстанның қорғаны да, тірегі де – Конституция. Алайда, Ата Заңның өміршең болып, өзіндік миссиясына жетуі сіз бен бізге байланысты. Бүгінгі жаһандану дәуірінде еліміздегі тұрақтылық пен теңгерімді сақтау – әрқайсысымыздың қолымызда. Ертеңімізге – сенім, келешегімізге – кең жол нұсқаған Конституциямыздың тұғыры берік, пәрмені мықты болғай! Отыз жылда Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтқан Ата Заңымыз алдағы уақытта да мемлекеттігімізді нығайтып, ел еңсесін тіктеуге қызмет ете берсін деп тілейміз!

Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының
прокуроры

ТАҒЫМ



ХАЛЫҚ СУДЬЯСЫНА ҚҰРМЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алдымен ауыл мектебін, кейін жұмысшы факультетін тәмамдап, Мәскеудегі Бүкілодақтық заң институтында және Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде білім алды. 1933 жылы аудандық сотта хатшы болып бастаған еңбек жолы кейіннен жауапты қызметтерге ұласты.

1938–1978 жылдары Бөрлі, Орда, Жәнібек аудандарында сот төрағасы болды. Халық сенімін арқалап, төрт рет 1957-1978 жылдары Қазталов аудандық сотының төрағасы болып сайланды. Сонымен қатар, Орал облыстық сотының мүшесі қызметін атқарды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Жәнібек аудандық сотының төрағасы болып жүріп, әскери жағдайға байланысты трибунал міндетін де қоса атқарды. Ел ішінде тәртіп пен әділдікті сақтау жолында аянбай еңбек етті.

1967 жылы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген заңгері» атағын иеленді. Сондай-ақ

ҚазССР Жоғарғы Сотының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Заң саласына сіңірген еңбегі үшін есімі ел жадында мәңгі қалды. Ардақты заңгердің есімі Қазталов аудан орталығындағы көшелердің біріне беріліп, Орал қаласында тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.

2008 жылы ұрпағы Мирболат пен Төрәмұрат Жақыповтар Хаби Жақыпов атындағы «Altair» қайырымдылық қорын құрып, дарынды жастарды қолдауға бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды. 2008–2018 жылдар аралығында 90-ға жуық оқушы мен студент қордың гранттарын иеленді.

Әділет саласында адал қызмет етіп, халық сенімін ақтаған Хаби Жақыпұлы Жақыпов – әділдіктің символына айналған тұлға. Оның өнегелі ғұмыры мен кәсіби жолы жас мамандарға ерқашан үлгі болып қала бермек.

Т.ИБАСHEBA,
«Заң газеті»



БАСТАМА

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС – ӘКІМШІЛІК ЖАЗАНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

1 қыркүйектен бастап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтырулар заңды күшіне енді. Атап айтқанда, кодекс 49-1-бабына сай жаңа әкімшілік жаза – қоғамдық жұмыспен толықты.

Қоғамдық жұмыс – әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның, кәсіби біліктілікті талап етпейтін, ақысыз қоғамдық пайдалы жұмысты орындауы болып табылады. Олар жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастыруымен, құқық бұзушының тұрақты тұратын жеріндегі қоғамдық орындарда жүргізіледі. Қоғамдық жұмысты сот жеке тұлғаларға қолданады және ол тек құқық бұзушылық жасаған тұлғаның келісімімен тағайындалады.

Жұмыс сағатпен есептеледі және 10 сағаттан 100 сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Ол күніне кемінде 1 сағаттан бастап ең көбі 4 сағаттан аспауы тиіс және тек жұмыстан немесе оқудан тыс уақытта орындалады. Тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орнында оқымайтын

тұлғалар үшін қоғамдық жұмыс күніне 1 сағаттан 8 сағатқа дейін, бірақ аптасына 40 сағаттан аспайтын мөлшерде белгіленеді. Жалпы мерзімі төрт айдан аспауы тиіс.

Қоғамдық жұмыс жүкті әйелдерге; үш жасқа толмаған баласы бар әйелдерге; үш жасқа толмаған баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ер адамдарға; он сегіз жасқа толмағандарға; бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға; елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдерге; алпыс үш жастағы және одан асқан ер адамдарға; ел аумағында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қолданылмайды. Бұл тізім толық емес. ӘҚБтК-нің 32-бабына сәйкес, қоғамдық жұмыс әскери қызметшілерге де қолданылмайды.

Қоғамдық жұмыс кодекстегі «Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер», «Ұсақ бұзақылық», «Жалпы пайдаланылатын орындарды ластау», «Арнайы қызметтерді әдейі жалған шақыру», «Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарда мас күйде болу», «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші адамның заңды талабына бағынбау», «Қоғамдық

орындарда тиісу», «Жедел және арнайы қызметтердің арнайы жарық және дыбыс белгілері қосылған көліктеріне жол бермеу», «Жаяу жүргінші мен өзге де қатысушының жол қазғалысы ережесін бұзуы», «Сотқа құрметтемеушілік таныту», «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау» секілді 11 әкімшілік құқық бұзушылық құрамына енгізілген.

Соттың қоғамдық жұмыстарға тарту туралы қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін атқаруға жатады және ол сот арқылы құқық бұзушының тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органға жіберіледі. Жергілікті атқарушы органдар қаулы түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құқық бұзушыны шақырып, қоғамдық жұмысты орындау тәртібі мен шартын түсіндіреді. Үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына қаулының орындалуға қабылданғаны жөнінде хабарлама жолдап, үш жұмыс күні ішінде ұйымға құқық бұзушыны қоғамдық жұмысқа жіберу туралы хабарлама береді.

Бұдан бөлек, қоғамдық жұмыстың кестесі мен мерзімділігін



Шынар ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

белгілейді; үш жұмыс күні ішінде сотқа орындалғаны туралы хабарлама жолдап, құқық бұзушының қоғамдық жұмыстан жалтарғаны анықталған сәтте дереу ішкі істер органына хабарлайды.

Жергілікті атқарушы органның шақыруына дәлелсіз себепсіз келмеген, қоғамдық жұмысты орындаудан бас тартқан, қоғамдық жұмысты орындау мерзімі ішінде ұйымға екі реттен артық дәлелсіз себептерсіз келмеген, қоғамдық жұмысты орындауға алкогольдік, есірткілік не уытқұмарлық мас күйде келсе, Қазақстан аумағынан дәлелсіз себептерсіз шығып кетсе ішкі істер органдары қоғамдық жұмыстан жалтарушының ісін үш жұмыс күні ішінде қарап, кодексте белгіленген тәртіппен шара қолданады.

Сәйкесінше қоғамдық жұмысқа тартылған тұлға кодексте белгіленген шарттар мен тәртіпті сақтауға; жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған қоғамдық жұмысты орындауға; тұрғылықты жерін өзгертен жағдайда жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті.

Қорытындылай келе, қоғамдық жұмыс әкімшілік жазаны қолданудың тиімді құралы. Бұл сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу мен әкімшілік жазаның мақсатына жетуіне ықпал ететін жаңа тетік болып табылады.

РУХАНИЯТ

ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бейжіңде Қазақстан Республикасының алғашқы мәдени орталығы ашылды. Бұл әзірге шетелдегі жалғыз қазақстандық орталық. Салтанатты рәсімге ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚХР Мәдениет және туризм министрі Сунь Или мен екі елдің дипломаттары, шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Орталықтың ашылуы – ұзақ-мерзімді дипломатиялық келіссөздің және жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтың нәтижесі. 2022 жылы ҚХР Төрағасының Астанаға мемлекеттік сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Қытай мен Қазақстанда тең негізде мәдени орталықтар құру жөнінде келісімге келген болатын.

Жобаның жүзеге асуы екі ел арасындағы мәдени алмасудың маңызды кезеңіне айналып, қазақстандық мәдениетті халықаралық аренада танытуға елеулі үлес қосады. Сондай-ақ бұл бастама Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар мен стратегиялық әріптестіктің нығаюына сеп болады.

Орталық Бейжіңнің беделді ауданында, Қытайдың халықаралық орталығының бір бөлігі саналатын «XXI ғасыр» бизнес-орталығында орналасқан. Орталықтың аумағы – 620 шаршы метр. Қазақстан мәдени орталығы Қытай аудиториясына қазақтың дәстүрін, өнерін, тілі мен тарихын және ұлттық тағамдарын таныстыратын іс-шаралар өтетін алаңға айналады.

Кеңістік бірнеше аймаққа бөлінген, олардың интерактивті жабдықтары Қазақстан мәдениетіне барынша терең бойлауға мүмкіндік береді.

Мәдени орталықтың маңызды бөлігі – экспозициялық аймақ.

Мұнда жүзден астам тарихи жәдігер қойылған. Олардың қатарында Сақ дәуірі жәдігерлерінің көшірмелері, Есік пен Берел қорғандарынан табылған заттар, сондай-ақ қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары бар. Орталыққа келген көпшілік



домбыра мен қобыз секілді музыкалық аспаптарды, әйелдердің дәстүрлі әшекейлерін, «сандық», «астау», «сырмақты» көре алады. Бұл экспонаттар Қытай халқына Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар экспозицияда қазақстандық суретшілердің картиналары, ел тарихы мен мәдениетіне арналған сирек кітаптар ұсынылады. Мультимедиялық экрандар арқылы келушілер Қазақстанның

табиғи және мәдени көрікті жерлері жайлы деректі фильмдер мен бейнематериалдарды интерактивті түрде тамашалай алады.

Орталықтың басты бағыттарының бірі – қазақ тілі кабинеті. Мұнда балалар мен ересектерге арналған сабақтар мен тренингтер өтеді.

Музыка және шығармашылық кабинеттері де орталықтың маңызды элементі. Қытайлық қонақтар дәстүрлі қазақ музыкасы жайында біліп қана қоймай, домбыра мен қобызда ойнауды үйрететін шеберлік сабақтарына қатыса алады.



Сондай-ақ бұл жерде қазақстандық музыканттар мен әртістер өнер көрсететін концерттер ұйымдастырылады.

Әдебиет сүйер қауым үшін орталықта кітапхана мен оқу залы қарастырылған. Мұнда қазақстандық авторлардың түрлі жанрдағы шығармалары шет тілдерде, соның ішінде қытай тілінде де ұсынылады. Негізгі экспонаттардың бірі – қазақтың ұлы ақыны Абайдың еңбектері. Кітапхана дәрістер, таныстырылымдар

және әдеби кештер өткізетін орынға айналып, қытайлық аудиторияның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Мәдени орталықтың көпфункционалды алаңдары көрмелер, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер



мен симпозиумдар өткізуге пайдаланылады. Бұл іс-шаралар Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени және білім беру байланыстарын нығайтады.

Сондай-ақ орталық аумағында «Сандық» мейрамханасы жұмыс істеп, қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауда шеберлік сабақтарын өткізеді.

Бұл орталық Қазақстан мәдениеті мен тарихын тануға бағытталған білім беру мен мәдени жобаларды дамытатын болады. Онда тек тіл мен өнерді үйретіп қана қоймай, сонымен бірге ғылыми зерттеулер мен мәдени дәстүрлерді таныстыруға арналған кең ауқымды жобалар да жасалады.

Алдағы жартыжылдықта Қазақстан мен Қытайдың жас кәсіпкерлері, ғалымдары, шығармашылық өкілдері арасындағы тәжірибе алмасу жоспарланған. Бұл іс-шараны Қытайдың халықаралық орталығы мен қазақстандық тарап бірлесіп ұйымдастырмақ. Сондай-ақ Бейжің тіл



және мәдениет университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою, соның негізінде Қазақстан мен Қытай студенттері арасында тұрақты түрде тәжірибе алмасу жоспарланған.

Орталық қазақ киносына, театрына, музыкасына және өнеріне арналған түрлі фестивальдер өткізетін алаңға айналады. Осылайша Бейжіңдегі мәдени орталық Қазақстанды әлемдік аренада таныстырудың жаңа көкжиегін ашып, халықаралық мәдени ынтымақтастық стратегиясындағы маңызды бөлігі болмақ.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

«Нөлдік төзімділік» – заң үстемдігінің көрінісі

Шымкент қаласында соңғы жылдары қолға алынған жүйелі шаралар елдің құқықтық мәдениетін нығайтып қана қоймай, халықтың полиция мен құқық қорғау органдарына деген сенімін күшейтіп, өркениетті қоғамның айқын үлгісін қалыптастырып жатқанын атап өткен жөн.

Әр өтініш жауапсыз қалмайды

Мұндай алып шаһардың тыныштығы мен қауіпсіздігі – ең алдымен заңның үстемдігіне байланысты. Қаладағы құқық қорғау органдары бұл бағытта ашықтық пен есептілік қағидатын енгізіп, әрбір тұрғынның өтінішіне дер кезінде жауап беруді жолға қойған.

Құқық бұзушылыққа бейжай қарамау – өркениетті қоғамның аса маңызды өлшемдерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда Шымкентте «нөлдік төзімділік» саясаты кең өріс алған. Қоғамдық кеңестер, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, тұрғындар мен полицияның бірлескен рейдтері мен кездесулері – барлығы азаматтарды ұсақ құқық бұзушылықтарға көз жұма қарамауға үндейді. Әлеуметтік желілер арқылы келіп түскен әрбір шағымның жедел қаралуы, «Қауіпсіз аула», «Қауіпсіз көше» жобалары аясында бейнебақылаудың кеңейтілуі – тұрғындардың өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауына жол ашқан. Бұл саясаттың ең үлкен жетістігі – қоғамның құқық бұзушылыққа қарсы тұруға үйренуі, халықтың заңсыздыққа бейжай қарамауына бейімделгенін аңғаруға болады.

«Заң және тәртіп» – күнделікті өмір қағидаты

Тәртіп – тыныштықтың кепілі десек, «Заң және тәртіп» қағидаты бүгінгі таңда қала өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Патрульдік полицияның тәуліктік қызметі, бейнебақылау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, жедел қоңырауларға жылдам әрекет ету – тұрғындардың тыныштығын күзетіп, қала тіршілігін жүйелі арнаға түсіріп отыр. Мұның барлығы бір қарағанда қарапайым ғана іс болып көрінгенімен іс жүзінде темірдей тәртіптің нәтижесі екені айқындала түседі. Бүгінде қала көшелері мен аулаларының қауіпсіздігі артып, жол қозғалысындағы тәртіп нығайып, шаһардың түнгі тыныштығы бұзылмай, жастардың бос уақытын қауіпсіз ортада өткізуіне мүмкіндік жасалған.

Жастардың болашағы – елдің болашағы

Шымкенттің құқықтық мәдениетін

жаңа деңгейге көтерген іргелі бастамалардың бірі – «Қауіпсіз қоғам» жобасы. Бұл жоба заманауи технологиялар мен қоғамдық серіктестіктің үйлесімін таба білді. «Сергек» бейнебақылау жүйесі жол қозғалысын қадағалап, құқық бұзушылықты автоматты түрде анықтаса, жедел басқару орталығы әрбір қоңырауға лезде әрекет етеді. Мобильді қосымшалар арқылы тұрғындар полицияға тікелей хабарласып, арыз-шағымдарын еш қиындықсыз жолдауға мүмкіндік алған.

Әрине, құқықтық тәртіптің мызғымас іргетасы – халық пен полиция арасындағы сенім. Шымкент қаласында бұл сенімді нығайтуға айрықша мән беріліп келеді. «Жолда қабылдау», «Аула кездесулері» сияқты бастамалар арқылы полиция халықтың мұң-мұқтажын тікелей тыңдауды қолға алған.

Полиция баса мән берген басты мәселелердің бірі жас буында зиянды әдеттерден қорғау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Өйткені жастардың болашағы – елдің болашағы екені даусыз. Сондықтан тәртіп сақшыларының мұрындық болуымен мектептер мен колледждерде дәрістер, спорттық жарыстар, мәдени іс-шаралар арқылы жас буынға салауатты өмір салты дарытылып, алкогольмен шылым шегудің зияны түсіндіріліп келеді. Ал кәмелетке толмағандарға алкоголь мен темекі сатуға жол берген кәсіпкерлер қатан жазаға тартылып жатыр. Бұл – құқық қорғау органдарының қоғаммен бірлесе отырып жүргізіп жатқан жүйелі жұмысының нақты айғағы.

Жемқорлыққа қарсы қоғамдық иммунитет

Қоғамды іштен ірітетін ең қауіпті кеселдің бірі – сыбайлас жемқорлыққа полиция қызметінде баса назар аударылғанын атап өткен жөн. Шымкентте бұл дертке қарсы кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, полиция қызметкерлері арасында Әдеп кодексін сақтау, ішкі бақылау тетіктерін күшейту, ашық конкурс арқылы қызметке қабылдау – жемқорлықтың алдын алудағы басты тәсілдерге айналған. Қоғамдық деңгейде «Адалдық сағаттары», жастар клубтары, әлеуметтік желідегі түсіндіру науқандарының жүзеге асырылуы да бұл бағыттағы жұмыстардың кеңеюіне жол ашқан. Мұның бәрі халықтың санасында «жемқорлыққа төзбеушілік» қағидатын орнықтырып, әділетті қоғам құруға жетелеп келе жатқаны анық.

«Қауіпсіз ел» – жаңа серпін

«Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы аясында Шымкент қаласында бірқатар маңызды өзгерістер жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Қала көшелері мен аулаларына орнатылған бейнебақылау жүйелері қоғамдық тәртіпті күшейтіп, жол-көлік апаттарының біршама азаюына ықпал еткен. Отбасылық, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар күшейіп, жәбірленушілерге жедел көмек көрсетілуде. Цифрлық сервистер арқылы халықтың құқық қорғау органдарына қолжетімділігі де арта түскен. Ең бастысы – жастардың құқықтық мәдениеті жаңа деңгейге көтеріліп, қоғамда заңға құрмет күшейгені байқалады.

Шымкенттегі «Таза Қазақстан» акциясы да қала мәдениетін қалыптастыруға бағытталып отыр. Тек жыл басынан бері ғана полиция сарбаздары заңсыз сауда, көшелерді ластау, абаттандыру қағидаларын бұзу секілді жиырма мыңнан астам құқық бұзушылықты анықтап, әкімшілік шаралар қабылдаған. Бұл – тек қана айыппұл емес, ең алдымен тұрғындарды қоғамдық тәртіпке бейімдеудің бірден-бір жолы екені атап өткен жөн.

Тағы бір аса маңызды бағыт – есірткі қылмысына қарсы күресте де тәртіп сақшыларының атқарған жұмысы атан түйеге жүк боларлық. Қалалық полиция департаменті деректеріне жүгінсек бұл салада тек жыл басынан бері ғана үлкен жұмыстар жүргізілгені байқалады.

Мәселен, тек биылғы жылдың өзінде 329 қылмыстық құқық бұзушылық әшкереленіп, заңсыз айналымнан 105 килограмға жуық есірткі заттары тәркіленгені тәртіп сақшыларының жүйелі қызметі мен қырағылығының нәтижесі екені даусыз. Оған арнайы дайындықтан өткен қызметтік иттер тартылған. Ең бастысы – жастар арасында есірткінің зиянын түсіндіру бағытында 700-ден астам профилактикалық шара ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Үкіметтік емес ұйымдар, қоғам белсенділері, еріктілер, танымал тұлғалар тартылған мұндай шараларда бұл дертпен күрес тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ ісіне айналғанын аңғаруға болады.

Алдағы уақытта Шымкент қаласында құқықтық сананы арттыруға арналған жұмыстар жалғасын таппақ. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық сабақтар тұрақты өткізіліп, заманауи цифрлық платформалар арқылы құқықтық кеңестерді халыққа қолжетімді ету мақсаты тұр. Жастарға арналған әлеуметтік жобалар көбейіп, бейнебақылау желісі кеңейтілмек. Ең бастысы – азаматтық қоғам институттарымен серіктестік нығайып, ашық диалог алаңдарына жол ашу көзделіп отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Шымкент қаласы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Отбасының цифрлық картасының және «Бекітілген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесінің деректері бойынша Жамбыл облысы тұрғындарының саны – 1 173 791. Оның 80,4% немесе 943 670-і міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қызметімен сақтандырылған. Ал сақтандырылмаған тұлғалар 19,6% немесе 230 121 адамды құрап отыр. Сақтандырылмаған халықтың, Отбасының цифрлық картасына сәйкес әл-ауқатының деңгейі бойынша – 9 139-і А (жақсы) санатында, 73 731-і В (қанағаттанарлық) санатында, 76 699-і С (төмен) санатында, 55 081-і D (дағдарыс) санатында, 15 471-і Е (мүшкіл) санатындағы тұлғалар.

БҮГІНГІ МЕЖЕ – сақтандырылмаған тұлғалар санын азайту



«Жамбыл облысы бойынша сақтандырылмаған халықтың портретіне келетін болсақ, 92 048-і (39,9%) жұмыскерлер, 18 992-сі (8,2%) азаматтық құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алушылар, 46 901-і (20,3%) бұрын бірыңғай жиынтық төлем төлеушісі болғандар, 20 646-і (8,9%) дара кәсіпкерлер, 10 116-і (4,3%) дербес төлеушілер, 1 998-і (0,8%) санаттарға кірмегендер және 30 518-і (13,2%) соңғы 12 айда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері түспеген тұлғалар. Сақтандырылмаған тұлғалар санын азайту мақсатында, облыс аумағындағы қалалық емханалар мен аудандық ауруханалардың медициналық қызметкерлері және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қызметкерлерінен құралған жұмысшы топ құрылған. Жұмысшы топтың негізгі мақсаты медициналық сақтандыру мәселелерін шешу бойынша халықты толыққанды ақпараттандыру болып табылады», – дейді Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысы Сержан Назарбек.

С.Сәрсенбекұлының айтуынша, азаматтарға медициналық қызметтерді қолжетімді және сапалы түрде ұсынуды қамтамасыз ету және бюджеттік мүмкіндіктер мен міндеттемелерді ескере отырып, жергілікті бюджет есебінен азаматтардың әлеуметтік осал санаттарының (D және E санаттары) МӘМС жүйесіне қатысуын қамтамасыз ету жоспарланған. Базалық мемлекеттік медициналық көмек көрсететін қызметтер пакетінің орнын толықтырып, тиімді әрі теңдестірілген бірыңғай медициналық қызметтер пакетін қалыптастыру мақсатында уақытша қиындықтарға тап болған, табыссыз қалған азаматтар үшін жеңілдікті кезеңді ұлғайту нормасы енгізілді. Енді бес жыл ішінде өз бетінше және үзіліссіз жарна төлейтін азаматтар уақытша төлемдер болмаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады. Бұрын бұл мерзім үш ай болатын.

Сақтандырылмаған тұлғалар санын азайту мақсатында облыс аумағында орналасқан емханалар тарапынан тұрғындар арасында сақтандыру мәселелерін шешу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасатын болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТҰЛҒА

Жалпы, Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңының тарихы 1993 жылдан бастау алады. Ал қазіргі қолданыстағы екінші Конституция жобасы заң саласының ірі тұлғаларының, ғалымдарымыз бен саясаткерлердің қатысуымен дайындалды. Ал енді осы кезеңдерді еске түсіріп, осы айтулы тарихи құжаттың қабылдануына зор еңбегін сіңірген заңтанушы ғалымдарды аса құрметпен есімдерін жаңғыртып отыруды парыз тұтамыз. Өйткені, бұл айтар ауызға жеңіл болғанымен, қаншама төгілген тер мен қисапсыз мол күш-жігерді, ізденісті талап еткен қыруар еңбектің нәтижесі болатын.

Осылайша, заң майталмандарының айрықша белсенділігі мен қажыр-қайрат жұмсалыуының арқасында дүниеге келген, халқымыздың өмірінде жарқ етіп, жаңғырған Ата Заңымыздың бастау бұлағында, сөз жок, Салық Зимановтай ұлы заңгер-бастамашының тұрғандығын мақтанышпен айтуға қақымыз бар.

Мемлекетіміз бен ел-жұртымыз үшін тарихи құндылығы жоғары осы кезеңнің әрбір сәті ұмытылмауға тиіс. Дәл сол кезеңге дейін, еліміздің ресми құжаттарында «Ата Заң» деген термин мүлде болған жоқ. Бұл ұғым тек «Конституция» атауымен қолданысқа енді. Ал осы қалың тарих қозғаусыз жатқан, аяқты аңдап басқан әліпара мезгілде қазақтың Ата Заңдарын түбегейлі зерттеп, қайта жаңғыртуды ең алдымен батыл қолға алған ұлы ұстазымыз Салық Зиманұлы Зиманов болатын.

Ол «Ата Заң» деген қасиетті ұғымды айналымға енгізіп қана қойған жоқ, өзінің ұлағатты да жемісті болған ғұмырындағы ең басты еңбегі «Қазақтың Ата Заңдары» деген он томдық аса көлемді, жан-жақты қамтылған ұлан-ғайыр академиялық зерттеу еңбегін жазды. Бұл заң тарихында бұрын болмаған ұшан-теңіз еңбек болатын. Міне, осыдан кейін ұлы заңгер ғалымды туған халқы төбесіне көтеріп әкетті. Салық Зиманұлын «Қазақ заң саласының абызы» немесе «Заңтану саласының патриархы» деп атап кетті. Бұл Салық Зиманұлының Ата Заңымызды түбегейлі зерттеген, жаңғыртқан, тәуелсіз еліміздің өміріне енгізген қисапсыз сіңірген еңбегіне берілген зор баға, халқының берген биік атағы болатын. Ал туған халқының берген атағынан биік мәртебе болмайтынын әркім жақсы түсінсе керек.

Әрине, С.Зиманов өзінің осы аталмыш еңбегіне дейін де қазақ заңтану саласының өрістеуі жолында үздіксіз еңбек етті. Тіпті, өмір бойы ізденіс үстінде болып, бар ғұмырын сарп етті десе де болады. Оған дәлел ол осыған дейін қазақ халқының байырғы әдет-ғұрпын, құқығын, мемлекеттік және құқықтық жүйесін зерттеп, билер мен шешендердің билік өнерін ғылыми түрде тыңғылықты зерделеп келген тұңғыш ғалым – заңтанушының бірі ғана емес, бірегейі болды. Бұл қазақта заңтану саласында бұрын еңбектенген ғалымдар болған жоқ деген сөз емес. Кезінде Шоқан Уәлихановтың өзі сот реформасы, заң туралы зерттеу мақала жазғаны белгілі.

Бірақ, Салық Зиманұлы қазақтың заңтану саласын жүйелі түрде зерттеп, бірізге салды, біртұтас үлкен салаға айналдыра білді. Ашығын айтуымыз керек, С.Зимановқа дейін

еліміздің заңтану ғылымында осыншалық жүйелі де жемісті, терең тамырлы талдауларға барған ғалымдар жоқтың қасы деуге болады. Осы кезеңдерге дейін қазақ даласындағы алғашқы заң үлгілерінің пайда болуы, Қазақ хандығы дәуіріндегі Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукенің үш жүздің ең таңдаулы төбе билеріне сүйеніп әйгілі Жеті Жарғыны өмірге әкелуі, қазақ билері туралы зерттеулері – оның қазақ елінің үлкен тарихи қоғамдық өзгеріс қарсаңындағы дайындығы іспетті болған сияқты. Осылайша өзінің бар саналы ғұмырын қазақ тарихындағы заңнамалық шежірені жасап, тереңдете зерттеуге арнаған ғұламаның 2004 жылы «Қазақтың Ата Заңдары» /Алматы. «Жеті Жарғы» баспасы. 2004 жыл. Мәдени мұра./ еңбегінің жариялануы ертеден басталған дайындықтың бір қорытынды нәтижесі секілді болып танылды.

Ғалым осы еңбектерін өрістете түсіп, 2005 жылы «Ақиқат» журналының 3-санында «Қазақтың Ата Заңдары және оның бастаулары» деген көлемді мақаласын жариялады. Осы бағыттағы тағы бір зор еңбегі «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» кітабы да қазақ даласында заңтану бағытының – билер институтының ежелден қалыптасқандығын паш еткен аса құнды туынды болды. Осындай құнды дүниелерінің өзі біртұтас цикл құрап, қазақ деген халықтың ең бір қастерлі, қасиетті қырларын дүниеге паш етеді. Бұл баға жетпес қазынаға тұнып тұрған еңбектерден біз Салық Зиманұлының сан қырлы, жан-жақты ғұламалық бітім, болмысын ашамыз.

Осы жазба арқылы біз тек ғұламаның ғажайып жаратылысын ашуға талпыныс жасадық. Әдетте, әр дәуірде ғұмыр кешкен әл-Фараби, Абай сияқты кемеңгер перзенттеріміздің болмысына үңілгенде, сан қырлы қасиеттеріне еріксіз тамсаныумен боламыз ғой. Сірә, біздің дәуірімізден ол қатарға қоюға лайық тұлғалар деп, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезовтерден кейін Салық Зимановтай заңғар тұлғаны батыл қоса алармыз.

Академик С.Зиманов өмір бойғы жинаған бай білім қоры мен қажыр-қайратын сарқа жұмсап, ойға түйгенін «Қазақтың Ата Заңдары» атты он томдық энциклопедиялық еңбегіне топтастырып, біртұтас дүниеге айналдыру арқылы қазақ заңтануына өлшеусіз үлес қосты. Бұл еңбектің жариялануы қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуімен орайласқан, нағыз халқының кәдесіне жараған баға жетпес сыйлық болды. Салық Зиманұлы, демек, халқының тәуелсіздігі жолына бар ғұмырын арнап, осы ұлы мүддеге басын тіккен адам, нағыз ғылым жолында ел мұраты үшін еңбек еткен ғұлама деп айта аламыз.

Әрине, ауқымы зор, ұланғайыр еңбекті тұтас қамтып, талдап шығу мүмкін де болмас. Ғалым қазақтың тарихи маңызы зор кезеңдерін он төрт тақырыпқа сыйғызып, соқырға таяқ ұстатқандай, танымдық тұрғыдан сараптап, сипаттап берген. Тараулардың атауларынан-ақ жинақтың қаншалықты құнды екенін аңғарасыз. Он төрт тақырыпқа автор бар айтар ойын, мұрат-мүддесін толығымен сыйғызған және бұған кітап мазмұнына үңіле парақтап,

Халқымызды зор қуанышқа бөлеген, ел болашағына деген сенімін нығайтқан Конституция – Ата Заңымыздың қабылданғанына да 30 жыл уақыт өтіпті. Отыз жыл, әрине, аз уақыт емес. Еліміздің бас құжатының қабылдануы тарихымыздағы айтулы оқиға болды. Бұл құжат Қазақстанның тәуелсіз тарихының бастауы іспетті, ел болашағының жолын ашқан, ұрпақ келешегінің зор боларына жүректерге сенім ұялатқан сәулелі шамшырақтай шуағын төкті, ел-жұртымыздың көкірек отын жаққан, еңсесін биік ұстауға үйреткен, асулы кезеңдердің бастаушысы болды. Халық тәуелсіздік лебін сезінді, азаттық ауасымен кеуде кере дем алды. Бұл – қаншама ұрпақтың ғасырлар бойғы көксеген арманы еді.

АТА ЗАҢДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ



зерделеп оқып шыққанда айқын көзіміз жетеді. Тақырып атауларынан аңдағанымыздай, автор өзінің толымды жинағын әлденеше тараптан қамтыған. Бұл телегей-теңіз еңбектен сіз терең тарихи зерттеушілік іздерін де, би-шешендерге тән сұңғыла көрегендік пен тапқырлық байыптауларды да, ғалымдық зерделілік пен талдап-таразылау шеберлігін де, жазушылық сипаттама, заңғар суреткер, қаламгерлік ұшқыр ой-көзқарас, асқан аңғарымпаздық, жүйрік қиялды көресіз. Осылардың баршасы тоғысып келгенде ғалым еңбегінің құндылығына көзіміз анық жетеді.

Байыптап үңілсек, автор бұл мәні зор ауқымды еңбегінің басым бөлігін қазақ даласындағы билер институтының ежелгі дәуірлерден өріс алғандығына баса назар аударған. Біз тарихымыз аяқасты болған империялық қоғамда өмір сүрді. Тәттіге алданған баладай, қарынның тоқтығын, киімнің бүтіндігін қанағат қылғанымыз жасырын емес. Өйтпеске амалымыз да жоқ еді. Біздерді үлкен тәубешілікке, қанағат, сабырлыққа, темірдей төзімділікке үйретті. Бірақ, осының салдарынан ұлттық мұрат-мүддеміздің, тарихымыздың, ұлттық құндылықтарымыздың аяқасты болуы орны толмас өкініш еді.

Ал өткен кезеңдерде, қазақ тарихында билердің рөлі аса жоғары болды. Олар қоғамның әділетпен өмір сүруіне күш салды. Қазақ өмірінің тазалық пен әділет, ар-намыс сарапшысы – би-шешендеріміз болатын. Бірақ, кері кеткен қоғамда билеріміздің зор абырой-беделі мансұқталды, олардың адал еңбегі, тарихи рөлі керісінше ұғындырылды.

Осыны терең зерделей білген Салық Зиманұлы аталмыш еңбегінде осы күні кешеге дейін олқы соғып келген тарихи кемістігіміздің орнын толтырып, баға жетпес байыптама зерттеулер жүргізді. Ұлағатты тарихымызда билердің қандай орын иеленгені туралы, олардың халық алдындағы беделінің қаншалықты зор болғаны туралы ғалым аталмыш еңбегінде былайша сипаттама береді:

«... Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «құдайдың сүйген құлдары» ғана би бола алды. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірнеше сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіреткен биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дос бермеу, сондай-ақ, «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алуы секілді талаптар қойылатын...»

Міне, ғалым айтып отырғандай, қазақта би болу талабының осындай ауыр сатылары болған. «Бала-би» атанған билердің көп болғаны, олардың тым шикі, балаң шағынан суырылып, таңдайлары тақылдап тұрғаны туралы естіп, оқи жүргенде қатты танданып қалушы едік. Ал ғалым осы туралы нақты ғылыми тұжырым жасап, миыңа сыналап қағып бергендей байлам айтады:

«...Баласының табиғи дарынын

байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдардағы тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен, отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен. Логикалық мәселелерді шешуді, яғни, соттық қызмет барысында кездесетін санқилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен үйлестірілген жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Мұндай жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күнінен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген». Міне, осы ғылыми негізді сипаттамада қазақ даласындағы әйгілі «Балабилердің» қалай пайда болатынына нақты дәлелді тұжырым жасалғандай.

Академик С.Зимановтың «Қазақтың Ата Заңдары» жинағы – Қазақстанның құқықтық тарихындағы аса маңызды ғылыми еңбек. Бұл жинақ қазақ даласындағы құқықтық мәдениетті, билер сотының рөлін және тарихи құқықтық нормалардың эволюциясын жан-жақты талдап, заңдық құжаттар мен тарихи деректер арқылы негіздеген. Бұл жинақ қазақ даласындағы құқықтық жүйенің тек көшпелі өркениетке ғана емес, әлемдік құқықтық мәдениетке қосқан үлесін де көрсетеді.

Салық Зиманұлы қазіргі Қазақстанның құқықтық жүйесінің түп тамыры қазақтың дәстүрлі заңдарында жатқандығын дәлелдеп, ұлттық құқықтық жүйенің сабақтастығын, ежелден жалғасып, үзілмей, тамырласып келе жатқандығын дәлелдейді. Осы тұрғыдан келгенде, біз Салық Зиманұлының «Қазақтың Ата Заңдары» еңбегін тек заңгерлер үшін ғана емес, тарихшылар мен әдебиетшілер үшін де, шығармашылық өкілдері үшін де, ғалым елтанушы, өлкетанушы, қоғамтанушы, зерттеуші ғалымдар үшін де таптырмаз көмекші құрал, бағдарламалық маңызы зор құнды да қасиетті еңбек деп бағалар едік.

Қасиетті Ата Заңымыздың атаулы мерекесімен барша сот және заң ардагерлерін, әріптестерімізді, избасар іні-қарындастарымызды шын жүрегімізбен құттықтаймыз, және Салық Зиманұлындай ұлы ұстазымыздың әруағының алдында бас ие отырып, оның ұлағатты өмір жолдарын өнеге етеміз, жастарымызға осындай жемісті, ізденісті, мағыналы, мәнді ғұмыр жолдарын тілейміз.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

БЕЗБЕН

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қалыптасуы тәуелсіздікпен тығыз байланысты. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңында Конституциялық Сот жоғары сот органы ретінде белгіленген. Бұл орган 1992 жылғы 2 шілдеде Республиканың Жоғарғы Кеңесімен сайланып, 1995 жылғы қазанға дейін конституциялық бақылауды жүзеге асырды.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституция тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік органдарын реформалаудың маңызды кезеңін аяқтады. Ата Заңның алтыншы бөліміне сай конституциялық бақылауды белгілейтін негізгі нормалар Конституциялық Кеңеске жүктелді. Ол сот

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ

жүйесіне кірген жоқ, Қазақстанның барлық аумағында мемлекеттің негізгі заңы ретінде Республика Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болды.

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден тұрды. Кеңестің төрағасы мен екі мүшесін Республика Президенті тағайындады, екі мүшеден Парламент Сенаты мен Мәжілісі алты жыл мерзімге тағайындады. Кеңес мүшелерінің жартысы әр үш жыл сайын жаңартылып отырды. Бұдан басқа, Республиканың экс-Президенті Конституциялық Кеңестің өмір бойы мүшесі болды.

1995 жылғы Конституция негізінде 1996 жылғы ақпанда Конституциялық Кеңес құрылды. Конституциялық мәртебеге сәйкес Кеңес өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан тәуелсіз болды, республика Конституциясына ғана бағынатын. Конституциялық Кеңеске өтініш

жасайтын субъектілердің қатарына республика азаматтары кірмеді.

Қазақстандағы конституциялық бақылау институты жаһандық өзгерістерге жауап ретінде кезең-кезеңмен дамыды. Қазіргі Конституциялық Сот 2022 жылы өткізілген республикалық референдум нәтижесінде қайта құрылды. Конституциялық Кеңестен айырмасы азаматтар конституциялық құқығы бұзылған жағдайда шағымдарды тікелей Конституциялық Сотқа жолдай алады. Ол өз қызметін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастады.

Конституциялық Сот мынадай функцияларға ие:

- Президент, Парламент депутаттары сайлауын және республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы дауларды шешеді; - Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар адамдардың, оның ішінде азаматтардың өтініштері бойынша нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексереді;

- Конституция нормаларына түсіндірме береді; - жыл сайын Парламентке конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жолдайды.

Конституциялық Сотқа түскен азаматтар өтінішінің көпшілігі қарауға жатпайды, алайда бұл үрдіс азаматтарды заңнаманы жетілдіруге белсенді қатысуға ынталандырады. Нәтижесінде азаматтардың өз құқығын қорғауға деген қызығушылығы артады.

Бүгінгі күні Конституциялық Сот өз жұмысында конституциялық бақылау тетігін нығайтатын және азаматтардың құқығын қорғау деңгейін арттыратын саяси реформалардың маңызды элементіне айналды. Оның негізгі міндеті заңнаманы жетілдіру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және елдегі құқық үстемдігін нығайту болып қала береді.

Ринат ӘДІЛГЕРЕЙ,
Орал қаласы № 2 сотының судьясы

САРАП

Әділдік пен заң үстемдігі сот жүйесінің ашықтығы мен кәсібилігіне тікелей байланысты. Халық өз құқығы мен мүддесін еркін қорғай алатын, әділетті сот төрелігіне сенім артқан жағдайда ғана қоғамда тұрақтылық пен құқықтық тәртіп орнайды.

Президент Қ.Тоқаев республика судьяларының IX съезінде «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Цифрлық технологиялар азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Сондай-ақ сот қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз етті», – деп атап өтті. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ауқымды шараларды қолға алды. Облыс халқын сот қызметі туралы уақытылы әрі нақты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін судья-үйлестірушілер бекітіліп, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жолға қойылды. Олар резонанстық істер бойынша құқықтық түсіндірме беріп, журналистермен тұрақты қарым-қатынас орнатып, сот пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға күш салуда.

Қоғам үшін маңызды құқықтық мәселелер бойынша ай сайын «Заң алаңы» жобасы аясында KRGsOTy Instagram парақшасында судьялардың қатысуымен бейнематериалдар жарияланып келеді. Жобаның мақсаты – заңдарды сақтауға, басқа адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, құқықтық сауаттылықты арттыруға және сот жүйесінің қызметі туралы ашық әрі түсінікті ақпарат ұсынуға бағытталған.

Қарағанды облыстық сотында алғаш рет жедел-жәрдем көлігінің жүргізушісін соққығы жыққан күдіктіге қатысты қылмыстық іс онлайн режимде өткізілді. Мұндай ашық процесс қоғамның тез және сенімді ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Өз кезегінде азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырып қоймай, сонымен қатар заңдылық пен әділеттілікті нығайтатыны сөзсіз.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 6-бабында қол жеткізуге шектеу қойылмайтын қоғамдық маңызы бар ақпараттар көзделген.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ. САПА. СЕНІМ

Оның қатарында «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы» ақпарат бар. Осыған сәйкес, сот төрелігіндегі жариялылық принципіне сәйкес азаматтарға мұндай ақпараттар қолжетімді болуы тиіс.

ІСТЕРДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БӨЛУ ӘДІЛЕТТІ

Қазақстанның барлық деңгейдегі сотында істерді автоматты түрде бөлу жүйесі (ІАБ) 2019 жылдан бастап енгізілген. ІАБ барысында қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік істерді қарау судьялардың жұмыс жүктемесін және істерді қарауға мамандануын (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі, сот ісін қазақ немесе орыс тілінде және басқа) ескере отырып, судьялардың араласуынсыз бөлінеді. Барлық әрекет электронды журналда тіркелетіндіктен, деректерді редакциялау мүмкін емес. Әрі ІАБ-ға заңсыз араласу жауапкершілікке әкеп соғады.

Осы жүйені пайдаланудың арқасында эксаумақтық соттылық бойынша істерді бөлу тегігі жолға қойылды. Қарағанды облысы соттарына 2025 жылдың 6 айында эксаумақтық соттылық бойынша 58 азаматтық іс түсті. Олар автоматты түрде еліміздегі жүктемесі аз соттарға бөлінді. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2025 жылдың 6 айында эксаумақтық соттылық бойынша 16 әкімшілік іс түсіп, оның ішінде 6 іс шешім шығарумен қаралған. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің толыққанды құралы немесе жергілікті атқарушы немесе өкілді мемлекеттік органдардың, арнайы немесе құқық қорғау органдары құрылымдардың іске араласуынан, ықпал көрсетуінен, басқа да теріс әсерлерден алшақ болуына, сыртқы ықпалсыз әділ сот төрелігінің жүзеге асуына оң әсер ететіні сөзсіз.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Электрондық үкіметтің жаһандық даму индексінде 2023 жылы еліміз БҰҰ мониторингінге кіретін 193 елдің ішінде 28-орынды, ал онлайн-қызметтерді, оның ішінде сот саласына байланысты қызметтерді дамыту деңгейі бойынша 8-орынды иеленді. Осы жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берген бірегей цифрлық бағдарламалар бар. Соның бірі – «ТӨРЕЛІК» бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі.



Бұл 2016 жылдан бастап еліміздің барлық соттарында 60-тан астам ақпараттық деректер базасымен интеграцияланған ақпараттық жүйе. Қазіргі таңда «Төрелік» 2.0 жобасы жүзеге асырылып жатыр. Оның құрамында: «Сот кабинеті» сервисі; дыбыс-бейнежазу жүйесі; электрондық архив, хабарландыру жүйесі, мемлекеттік деректер қорларымен интеграция, бейнеконференц байланыс (БКБ) жүйесі бар.

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РОБОТТАНДЫРУ

1. Сот жүйесіндегі роботтандыру арқылы істерді автоматты тіркеу және бөлу мүмкіндігі пайда болды. «ТӨРЕЛІК» жүйесіндегі роботтандырылған платформа материалдардың толықтығын тексереді, келіп түскен құжаттарды тіркейді және істерді судьялар арасында эксаумақтық соттылық қағидаты бойынша бөледі.

2. Әкімшілік істер бойынша автоматтандыру ЖКО бұзушылық хаттамалары және бірқатар өзге де құқықбұзушылық санаттары бойынша қаулы жобалары адам қаты-

суынсыз қалыптасады, кейін судья бекітеді.

3. ЖИ элементтері бар талдау (Интеллектуалды іздеу, Сот тәжірибесі, Сот аналитикасы

4. Жоғарғы Сотта Ахуалдық орталық құрылған.

АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ МЫҚТЫ

Ахуалдық орталық республиканың 1479 сот залының кез келгенінде процестің барысын бақылауға мүмкіндік береді. Мұндағы маңызды функцияның бірі сот жүйесінің ақпараттық ресурстарын қорғау және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

«Сот кабинеті» – азаматтар мен заңды тұлғаларға сот органдарына электронды форматта жүгінуге мүмкіндік беретін инновациялық онлайн сервис. Осы платформа арқылы талап арыздар, өтініштер, шағымдар және басқа да процессуалдық құжаттар жолданып, олардың мәртебесін онлайн бақылау қолжетімді. Қазіргі уақытта кез келген пайдаланушы «Face ID» және «Touch ID» арқылы

үйден немесе кеңседен шықпай-ақ сотқа жүгініп, құжаттарды электронды түрде бере алады. Бұл қызмет үрдістің барлық қатысушысына іс материалдарымен қашықтан танысуға және сот шешімдерінің көшірмелерін алуға да мүмкіндік береді Сервис арқылы Қарағанды облысының соттарына түскен өтініш пен талап арыз саны жыл өткен сайын көбеюде. Деректер «Сот кабинетін» пайдалану көлемінің оң серпіні мен тұрақты өсімін, азаматтардың сот арқылы өз құқықтарын қорғауға деген белсенділігінің артып келе жатқанын айқын көрсетеді. Сондай-ақ, цифрлық сервистердің бірі e-Otinish платформасы арқылы халықпен байланыс тиімді жүргізілуде. 2024 жылы осы жүйе арқылы 701 өтініш қабылданып, 2025 жылдың басынан бері 605 өтініш қаралды. Бұл платформаның қолжетімділігі мен тиімділігін дәлелдейді.

Құпия ақпаратты қамтымайтын сот процестерінің онлайн-трансляциясы іске қосылып, мектеп оқушылары мен заң факультетінің студенттері үшін ашық есік күндері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сот ісін жүргізудің Бірыңғай ақпараттық жүйесі жетілдіріліп, талап арыз беру, істің қозғалысын бақылау және сот шешімдерін алу үдерістері едәуір оңтайландырылды. Сонымен бірге, электрондық құжат айналымы сот органдары, адвокаттар мен іс қатысушылары арасында біріздендірілді.

Судьялар мен сот аппараты қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оқыту семинарлары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Негізгі назар азаматтармен этикалық қарым-қатынас орнату, іс жүргізу нормаларын қатаң сақтау, әділ әрі бейтарап шешімдер қабылдау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және әдеп нормаларын сақтау мәселелеріне аударылады.

Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған жұмысын тұрақты түрде жалғастырады. Алдағы уақытта қоғаммен кері байланысты күшейту, ақпараттық ашықтықты арттыру, құқықтық түсіндіру және ағарту жұмыстары, кері байланысты жолға қою, БАҚ-пен тұрақты жұмыс жүргізу және сот жүйесін цифрландыру ең басты басымдықтың бірі болып қала береді.


Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің
Қарағанды облысы бойынша
департамент басшысы

РУХАНИ ӨЗЕК

«Ел болам десең, бесігіңді түзе»

Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр.

Әрбір ұлт өзінің ана тілімен, салт дәстүрімен, өткен тарихымен, рухани құндылықтарымен ерекшеленеді. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуі



қажет. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық тар бетінен жоғалады. Адамзат жерінде көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп атап көрсетілген. Осыған орай қазіргі заманда мемлекеттік тілді білуге, қастерлеу-

ге деген талап күнде жоғарылап келеді. Әлеуметтік желіде болсын, күнделікті өмірде болсын біздің мемлекетте тұратын, бірақ қазақ тілін білмейтін азаматтардың бәрінің қолындағы құжаттардың мемлекеттік тілдегі үлесін 100 пайызға жеткізу жоспарланып жатыр. Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға арналған бағдарламаны іске асыруда белсенді жұмыстар жүргізуде. Қазіргі кезде соттың шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі қызмет құжаттары, барлық жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылатын іс-шаралар мемлекеттік тілде жүзеге асырылуда.

Сотқа талап арыз беретін заңгерлер мен адвокаттар арасында да талап қою арыздарын мемлекеттік тілде сотқа беру жайлы ұсыныс айтылып, талап қойылып жатыр. Мұның негізгі себебі Түркістан облысы негізінен (90 пайыз) қазақ тілінде сөйлейтін орта, сонымен қатар сотта өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізу сот отырысының әділ және ашық өтуіне жағдай жасайды.

ҚР Жоғары Сотының жоспарына сәйкес аудандық және оған теңестірілген соттарда мемлекеттік тілді дамыту мәселесі қатаң бақылауға алынып, алдағы уақытта құжаттардың мемлекеттік тілдегі үлесін 100 пайызға жеткізу жоспарланып жатыр. Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға арналған бағдарламаны іске асыруда белсенді жұмыстар жүргізуде. Қазіргі кезде соттың шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі қызмет құжаттары, барлық жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылатын іс-шаралар мемлекеттік тілде жүзеге асырылуда.

Сотқа талап арыз беретін заңгерлер мен адвокаттар арасында да талап қою арыздарын мемлекеттік тілде сотқа беру жайлы ұсыныс айтылып, талап қойылып жатыр. Мұның негізгі себебі Түркістан облысы негізінен (90 пайыз) қазақ тілінде сөйлейтін орта, сонымен қатар сотта өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізу сот отырысының әділ және ашық өтуіне жағдай жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – десе, Мұхтар Әуезов «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деген екен. Ендеше, қазақ ұлты жоғалмауы үшін, жанымыз да, қанымыз да қазақ деген әрбір азамат өз ана тілінде сайрап тұруы қажет.

Марат ШАРИПОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

ПАЙЫМ

Тәуелсіз Қазақстанның қолданыстағы Конституциясының қабылданғанына биыл 30 жыл толды. Еліміздің Конституциясы өзінің өміршеңдігін көрсетіп, оны қолдану мен нормаларын жүзеге асырудың мол тәжірибесі, бай дәстүрі қалыптасты. Оның негізінде еліміздің даму бағыты айқындалды. Конституцияда бекітілген құқықтық, демократиялық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет қалыптастыру, халықтың билікке қатысуын кеңейту, есеп беретін мемлекет құруға бағыттау қағидалары қоғамда түпкілікті бекітіліп, өз нәтижелерін беруде.

Тарихтың тамырынан нәр алған

Тарихы тереңге кеткен қазақ жерінде орын алып жатқан жаңарулар мен жаңғыруларға төркүл дүние түгел көз тігіп отыр. Олар қазақ халқының мықтылығына, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағына қайран қалады. Бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктеріміз бен еңсерген еңбектеріміздің еш кетпеуі – далалық тарихымыздың тамырынан нәр алып, дүниеге келген Ата Заңымыздың арқасы екендігі даусыз. Ол ақиқат. Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстардың атқарылғаны, мұқият сараптаудан өткізілгені аян.

Білікті заңгерлердің қатысуымен дүниеге келген қолданыстағы Конституциямыз Қазақстанның бесінші Ата Заңы. (1926 жыл наурыз, 1937 жыл 5 желтоқсан, 1977 жыл 7 қазан, 1993 жыл, 1995 жыл 30 тамыз). Ол он бөлім, тоқсан тоғыз баптан тұрады. Конституциямызға әр жылдары өзгерістер енгізілді.

Еліміздің Ата Заңында мем-

лекеттің түбегейлі қағидаттары, қоғамдағы татулық пен саяси тұрақтылық, экономиканың дамуы патриотизм мен барлық мәселелердің ашық түрде шешілуіне байланыстылығы атап көрсетілген. Демек, әр қазақстандық осы құндылықтарды берік сақтап, тәуелсіз еліміздің гүлденуіне өз үлесін қосуы тиіс. 30 тамыз – Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық өмірінде мән мен маңыздылығы жағынан ерекше орынға ие, халқымыздың ең жоғары дәрежеде атап өтетін басты мерекелерінің бірі. Ендеше, бұл мерекені тойлауға баршамыздың атсалысуымыз мемлекетіміздің құқықтық іргетасы – Ата Заңымызда негізі қаланған құндылықтарды насихаттаудың жемісі болатыны айқын.

Дәурен МАДАЛИЕВ,
Түркістан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Түрмедегі шетелдіктерді «асырау» ауыр тиіп тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

2025 жылы ҚАЖ комитетін қаржыландыруға қажет сома 151,4 млрд теңгені құрады. Бірақ республикалық бюджеттік комиссия 88,3 млрд теңгесін ғана мақұлдаған. Соның салдарынан, қаржы дефициті 63 млрд теңгеге немесе 42% құраған. Мәжіліс депутаттарының мәліметінше, ең осал бағыттың қатарында – арнайы контингентті азық-түлікпен, киім-кешекпен, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету бар. Демек, бұлай бара берсе, сотталғандар ашығады, жыртық-жамау киім киюге мәжбүрленеді. Монополистер коммуналдық қызмет ақысын төлемегені үшін түрмелерді жылудан, жарықтан, судан және кәріз жүйесінен ажыратып тастаса, тіпті масқара болады. Бұған жол бермеу үшін депутаттар бірнеше ұсыныс-рекомендация түзіп, Үкіметке жолдаған болатын.

Ең бастысы, ҚАЖ жүйесін жете қаржыландыруды сұрайды. Біраз абақтыны аралаған Мәжіліс депутаты Абзал Құспан қазақстандық түрмелердің аузы-мұрнынан шығып, лық тола бастағанына алаңдап отыр. Президенттің тапсырмасымен, Конституцияның 30 жылдығына арнап жарияланған 2025 жылғы рақымшылық та жағдайды көп жеңілдетпеуі мүмкін. Бағалау бойынша, рақымшылыққа шамамен 15 мыңдай адам ілігеді. Бірақ оның көбі темірторда отырған жоқ, пробация қызметінде есепте тұрып, еркіндікте жүргендер. Сондай-ақ қазіргі қолданыстағы қылмыстық істердің тоқтатылуы да сол статистикаға қосылған.

Жағдайды одан әрі ушықтырып, қиындатып тұрғаны – сотталғандар санының жыл санап артуы: 2024 жылы – 36 923 болса, 2025 жылы – 40 364-ке дейін артқан және ары қарай көбеюде. Сондай-ақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» аясында коммуналдық қызметтер тарифтерінің күрт көтерілуі де салаға соққы болды.

– Бүгінде жүйеге шұғыл түрде 14,1 млрд теңге көлемінде қосымша қаржы қажет. Соның ішінде 8,7 млрд теңгесі – тамақтандыруға және

кәсіпкерлер алдындағы берешекті өтеуге, 3,4 млрд теңгесі – коммуналдық қызмет ақысын және берешегін төлеуге, тағы 2 млрд теңгесі – киім-кешек және төсек-жабдық алуға керек, – деді А.Құспан.

Қазақстанда түрмеге түскендер санының артуы мәселесін шешудің бір амалы ретінде депутаттар республикада қылмыс жасаған шетелдіктерді жаппай елдеріне қайтаруды ұсынды. Өзге ел азаматтары жазасының қалған мерзімін өз елінде өтегені тиімді.



«Алайда, сотталған шетел азаматтарын өз елдеріне қайтару мәселесі әлі шешімін таппай отыр. Елдегі мыңнан астам шетелдіктің жыл басынан бері небәрі 45-і елдеріне қайтарылған. Кейбір мемлекеттер өз азаматтарын қабылдаудан ашық түрде бас тартуда. Осы бағыттағы халықаралық келіссөздер мен ынтымақтастықты жандандыру қажет», – деді заңгер Абзал Құспан.

Қазақстанда заң мен ардан аттап, абақтыға қамалған азаматтарын әкетуден шет мемлекеттер бас тартып жатқанын Премьер-Министр де растады. Оның мәліметінше, қазақстандық ҚАЖ мекемелерін

де, түрмесінде, колонияларын да Қазақстанмен арада сотталған адамдарды өзара беру туралы келісім жасасқан 22 шетелдің 1 085 азаматы жазасын өтеуде. Олардың арасында Ресей азаматтары жетерлік, сондай-ақ Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Өзірбайжан, Армения, Украина, Беларусь, Молдова, Грузия, Ауғанстан, Моңғолия, Пәкістан, Түркия, Қытай, Иран, Греция, Германия, Бангладеш, Ұлыбритания, Филиппин азаматтары да бар.

– Соңғы 2 жылда Қазақстанның Бас прокуратурасына сотталғандарды өз мемлекетіне беруді сұрап 302 өтінішхат түсті. Соның 229-ы қанағаттандырылды. Қазақстандық жәбірленушілерге өтемақысын өтемегеніне, тиісті талап-арыздардың болуына байланысты сотталған 73 шетелдікті еліне қайтарудан бас тартылды. Бұл ретте өз мемлекетіне беру туралы өтініш білдірген 44 сотталушыны өз елдері қабылдаудан бас тартты, – деді Үкімет басшысы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

16 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Соған орай қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару кодекстеріне және басқа да заңнама-ларға бірқатар өзгеріс енгізілді. Осы бағытта қылмыстық заңнамаға жаңа қылмыс түрлері енгізілді.

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШҚАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Нақтырақ айтқанда, Қылмыстық кодекске мәжбүрлі некеге қылмыстық жауаптылық пен жазаны белгілейтін жаңа 125-1-бап қосылды. Оған сәйкес, адамды күш қолдану не мүлікті жою немесе бұлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты бопсалау жолымен, оның ішінде жәбірленушіні не оның жақындарын масқаралайтын мәліметтердің жариялануы немесе таратылуы жәбірленушінің оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау немесе тарату қатерін төндіріп некеге тұруға мәжбүрлегендерге – 2000 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Күш қолданып, кәмелетке толмаған адамға қатысты; жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жасалған; алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; өз қызмет бабын пайдаланып жасалған дәл сол іс-әрекет үшін жаза тіпті қатан. Жоғарыда аталған іс-әрекеттер соңы абайсызда ауыр зардапқа алып келсе, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы беріледі.

Неке дегеніміз – бұл отбасын құру мақсатында заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған тең құқықтық одақ. Сондықтан заңнамадағы жаңашылдық азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, жазаның бұлтартпауын қамтамасыз етуге және қоғамда жеке бостандыққа қол сұғушылыққа төзеушілік мәде-

ниетін қалыптастыруға бағытталған.

Сондай-ақ, қылмыстық заңнамаға жаңадан енген «115-1-бап сталкинг, яғни адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау – 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға әкелетін жазаны қамтиды.

Сонымен қатар, ел азаматтарының цифрлық қауіпсіздігін күшейту мақсатында банктік құралдарды заңсыз пайдалануға қатысты қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы банктік деректемелерді үшінші тұлғаларға берген; пайда табу мақсатында төлем немесе ақша аударымын жүзеге асырғандарға жауаптылық белгілейді. Осылайша, алаяқтық схемаларда делдал ретінде пайдаланылатын дропперлерге қарсы жаңа баптағы жауаптылық, өз кезегінде жасырын аударымдар мен үшінші тұлғалар арқылы жасалатын қаржылық қылмыстардың жолын кесуге ықпал етеді.

Көп жағдайда құқық бұзушылық заңды білмегеннен орын алып жатады. Ал заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан заңнамадағы өзгерістерді біліп жүрген абзал.

Айгерім АСАНХАН,
Қызылорда облысы
Арал аудандық сотының судьясы

БІР МҮДДЕ

Тәуелсіз мемлекетіміздің берік іргетасы – Ата Заңымызға 30 жыл толып отырған мерейлі шақта Ақмола облысында қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеруге және заңның үстемдігін нығайтуға бағытталған ауқымды іс-шаралар легі ұйымдастырылып жатыр.

АЛАЯҚТЫҚТАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Көкшетау қаласында өткен ерекше семинардың тақырыбы – қаржылық қауіпсіздік тақырыбына басымдық беріпті. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» базасында өткізілген жиынға негізінен жасы үлкен егде азаматтар қатысты. Іс-шараны облыстық полиция департаменті, Экономикалық тергеу департаменті, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өңірлік өкілдері ұйымдастырды.

Полицияның мәліметінше қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтықтың заманауи түрлері, телефон арқылы жасалатын алдаулар – қарттарға жиі ұшырасатын әрі қармаққа оңай түсіретін аса үлкен қатер болып отыр. Шара барысында полицейлер егде жастағы азаматтарға алаяқтардың әрекет белгілерін танып білу, қаржы пирамидаларына алданып қалмау жолдарын түсіндіріп, заңнамадағы соңғы өзгерістерді жеткізді. Ашық диалог форматында өткен семинарда қатысушылар жинақтарын қорғау, күдік туындаған жағдайда құқықтық жауап беру жолдары

жөнінде толығырақ ақпарат алды. Бұл шара – құқық қорғау органдарының халықпен жүйелі про-филактикалық жұмысының айқын көрінісі десек қателеспейміз.

«ЖОЛДАҒЫ ҚАБЫЛДАУ» – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ҚАДАМ

Щучинск қаласының орталық алаңында Ақмола облысының Полиция департаменті «Заңға қызмет етеміз – Конституцияны түсіндіреміз» атты бір күндік акция өткізді. Халықпен тікелей қарым-қатынас орнатуға бағытталған «Жолдағы қабылдау» шарасында азаматтар полиция қызметкерлеріне сұрақтарын еркін қойып, жеке мәселелерін жеткізуге мүмкіндік алды.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, заңнаманы түсіндіру, Конституция нормаларына қатысты кеңестер беру – акцияның басты өзегі болғанын атап өткен жөн. Онлайн форматта ұйымдастырылған шараға мыңнан астам адам қосылып, шалғай елді мекен тұрғындары да құқықтық кеңестер алды.

– Бұл шараны өткізудегі басты мақсат – халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру, құқықтық мәдениетін көтеру.

МАЗМҰНДЫ ШАРАЛАР – МЕМЛЕКЕТТІК ДАМУДЫҢ ҚАЙНАРЫ

Осылайша қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барынша назар аударып отырмыз, – дейді Ақмола облыстық полиция департаментіндегі әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ержан Қошқарбаев.

ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

Құқықтық мәдениет тек үлкендерге ғана емес, жастарға да қажет. Осы мақсатта Көкшетаудағы «Жастар Рухы» коворкинг-орталығында студенттер мен оқушыларға арналған «Заң. Тәртіп. Жауапкершілік» атты семинар-әңгіме ұйымдастырылған еді.

Наркобақылау басқармасы мен қоғамдық кеңес өкілдері қатысқан жиында жастар Конституцияның ел өміріндегі рөлін, азаматтық құқықтар мен міндеттерді талқылады. Сонымен қатар есірткіні қолданудың құқықтық салдары, салауатты өмір салтының маңызы кеңінен айтылды. Бейнероликтер көрсетіліп, жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін білдіруіне мүмкіндік берілді.

– Конституция – әрбір азаматтың өміріне, денсаулығына және жеке қауіпсіздігіне құқық береді. Жастармен бірге нашақорлыққа қарсы күрестің жолдарын іздеуіміз – ел болашағы үшін аса маңызды, – дейді есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының тәртіп сақшылары.

Тәртіп сақшылары есірткі өнімдерінің қоғам өміріне қатерін түсіндіру мақсатында әскери қызметпен де ынтымақтастықта жұмыс істейді. Көкшетау қаласындағы 99265 әскери бөлімінде өткен профилактикалық кездесуде әскери қызметшілерге есірткіге қарсы заңнаманың жаңа нормалары түсіндірілді. Аға жедел уәкіл Разия Курсанова психоактивті заттардың зияны, жастардың есірткі ортасына тартылу тәсілдері туралы баяндап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жаңа енгізілген 440-1-бабы бойынша белгіленген жауапкершілік шараларын түсіндірді. Әскерилер белсенді сұрақ қойып, жан-жақты ақпарат алды. Бұл кездесу әскери ұжымдарда да құқықтық сауаттылықты арттырудың маңызы жоғары екенін айқын көрсетті.

Конституция күні қарсаңында сонымен қатар Ақмола облысының көші-қон қызметі жасөспірімдерге алғашқы жеке куәліктерін табыстады. «Ата Заң – АЗАМАТ» атты республикалық челлендж аясында өткен бұл шарада 16 жастағы үш жас азамат өздерінің алғашқы құжаттарын салтанатты түрде қолдарына алды.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ДӘРІПТЕГЕН МАРАФОН
Құқықтық-ағартушылықпен қа-

тар, аймақта спорттық мерекелер де жиі ұйымдастырылады. «Көкшетау жалындары» түнгі жартылай марафоны биыл екінші рет өткізіліп, 1000-нан астам әуесқой спортшының басын қосты. Қала көшелері шамдармен көмкеріліп, қатысушылар ерекше атмосферада жарысты. Шара Конституция күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналды.

Жарыс барысында есірткінің зияны мен салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүргізілді. Қатысушылардың әрқайсысы мәреге жеткен соң, естелік медальға ие болды. Ұйымдастырушылар марафонды қаланың визиттік карточкасына айналдыруды көздеп отыр.

Жоғарыда аталған игі іс-шаралар легі – құқық қорғау органдарының ашықтығын арттыруға, қоғаммен белсенді диалог орнатуға бағытталған ауқымды жұмыс. Конституция күні қарсаңындағы бұл игі бастамалар қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, әрбір азаматтың өз құқықтары мен міндеттерін терең түсінуіне жол ашқанын атап өткен жөн.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Ақмола облысы

ӨРТУРАІ

3. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

5. «БайСаулет» ЖШС (БСН 120140006432) «Темір ЛБ» ЖШС-не (БСН 970440000460) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Тараз қаласы, Махамбет Батыр көшесі, 4В.

6. «Темір ЛБ» ЖШС (БСН 970440000460) «БайСаулет» ЖШС-нің (БСН 120140006432) өзіне қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Тараз қаласы, Махамбет Батыр көшесі, 4В.

11. 26.08.2025 ж. Ақтөбе облысының МАЭС ұйғарымы бойынша «Energy Trade Service» ЖШС-ін, (БСН 140340018992) оңалту туралы іс қозғалды. Ақтөбе қаласы, Сатпаев көшесі, 8а мекенжайына хабарласуыңызға болады.

14. «Open Minerals Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210940030979, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 63-бабына сәйкес, жалғыз қатысушының жаңадан құрылған «OMG Industrial» серіктестігін бөлу жолымен Серіктестікті қайта ұйымдастыру туралы қабылдаған шешімін хабарлайды («OMG Industrial» ЖШС қысқартылған атауы).

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның корпоративтік атауы: «Open Minerals Group» ЖШС, заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 5 үй.

Жаңадан құрылған заңды тұлғаның корпоративтік атауы: «OMG Industrial» ЖШС, заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 5 үй.

Кредиторлардың Серіктестік міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе орындау және залалдарды өтеу туралы жазбаша талаптары мына мекенжай бойынша осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 5 үй. Тел. +7 707 666 16 10.

15. Абай ауданы, Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына 1976 жылы 1 қарашада туған Колибаба Валентина Ивановнадан Екатерина Дмитриевна Колибаны (Смирнова) қайтыс болды деп тану туралы арызы түсті. Колибаба (Смирнова) Екатерина Дмитриевнаның тұрған жері туралы мәліметі бар тұлғалардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22 мекенжайы бойынша Абай облысы, Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына хабарлауды сұраймыз. Тел. 8 708 198 66 97.

27. «Kredit Seven Kazakhstan (Кредит Сeven Казахстан)» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 203400016315) өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент ауылдық округі, Ақсу ауылы, Ұлы Дала көшесі, 1-ғимарат , индекс 160825. Тел. 8 700 777-17-07.

28. Қазақстан Республикасындағы Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясының өкілдігі (БИН 010342004947) жабылу процедурасының басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша талап арыздарын бере алады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Самал 12, «Астана Тауэр» бизнес орталығы, 9-қабат. Тел. + 7 (7172) 64 97 00. E-mail: kro@kro.kz.

29. «МикроКредитный Дом» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 090740008740) (050026, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 311/70 ғимарат, н.п. 4) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген 02.21.0068.М. нөмірлі 2021 жылғы 8 сәуірдегі лицензияның күшін ерікті түрде жою және микроқаржылық ұйым ретінде өз қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 311/70 үй, н.п. 4 мекенжайы бойынша қабылданады. Байланыс телефоны: +7 (727) 339 36 91, ұялы телефон: +7 700 438 3272, e-mail: info@mkd.kz.

30. Компаниялар тобы өз кредиторларын келесілер туралы хабардар етеді: «Sport Invest Kazakhstan» ЖШС-нің (БСН 220640003774) «Elizabeth Company» ЖШС-ін (БСН 230740013162) және «Velik Kazakhstan» ЖШС-ін (БСН 200940017523) өзіне қосу арқылы ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы; «Sport Invest Kazakhstan» ЖШС-нің атауын «Uly Kazakhstan» ЖШС-і болып өзгерту туралы шешім қабылданды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44-үй.

МҰРАГЕРЛІК

7. 2025 жылы 27 маусымда қайтыс болған Лакбаев Бекбұл Нурмахановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус F.A. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

8. 2025 жылдың 14 наурызында қайтыс болған Нарымбетов Чингиз Мирбековичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Ұялы тел. 8 701 474 35 02.

2. ҚЫЗМЕТКЕ СҰРАНУ
1. Сұрау салушы органның атауы мен мекенжайы:
1. Сұрау салушы органның атауы мен мекенжайы: АЙБАСТЫ АТЫНДАҒЫ БІРІНШІ ИНСТЕНЦИЯЛЫҚ СОТЫ –
2016/282 – АЙБАСТЫ – ОРДУ – ТҮРКИЯ
1. Бір күні - АЙБАСТЫ – ТҮРКИЯ (Түркия) (Отбасылық соттың сапалы)
2. Сұрау салынатын органның атауы мен мекенжайы:
1. Сұрау салынатын органның атауы мен мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН ҚҰЗЫРЕТТІ СОТ ОРГАНЫ –
Рессыну
3. Істің мәні мен мақсаты
іс жүргіздің сипаты мен мақсаты және, қажет болған жағдайда даулы сома:
және бар болса – дауласқан сома:
ІС: АЖЫРАСУ
4. Тараптардың жеке басы:
1-ТААЛАУШЫ: CENGİZ GÜLEY TR ID №: 63652146250
2-ЖАУАПКЕР: ЖАУАПКЕР: РАЙНА БАДАЛОВА ГҮЛЕЙ
КАЛИНИНА ВОСЬМОЕ МАРТА 58.А /1 АЛМАТЫ – Алматы Республикасы
5. Сот отырысының өтетін күні мен орны:
Сыртқы көріністі енгізу күні мен орны:: Орындалған бірі – АЙБАСТЫ – ТҮРКИЯ (Түркия)
6. Шешім шығарған сот: АЙБАСТЫ БІРІНШІ ИНСТЕНЦИЯЛЫҚ СОТТ
Үкім шығарған күні;
7. Шешім қабылданған күні: 23.05.2024 ж
Үкім шығарылған күні:
8. Әңгімелесушінің аты-жөні
Ұлты – мекен-жайы:
Адресаттың аты-жөні, ұлты және мекен-жайы :
ЖАУАПКЕР: ЖАУАПКЕР: РАЙНА БАДАЛОВА ГҮЛЕЙ / КАЛИНИНА ВОСВОЕ МАРТА 58.А /1
АЛМААТА – Алматы Респбликасы
9.Заңды өкіл,егер бар болса
Аты-жөні және мекенжайы:
Қажет болған жағдайда аты мен мекенжайы олардың өкілдері:
10. Бар болса,адресат
Халықты тіркеу мәліметтері:
Адресаттың жеке басын куәландыратын ақпарат(бар болса)
11. Құжаттың сипаттамасы мен күні жіберілгені:
Құжаттың сипаттамасы мен мақсаты: ШЕШІМ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ КҮӘЛІПТІ
12. Құжатқа көрсетілген мерзімдер: ЕСКЕРТПЕ: Осы шешімге қарсылық білдіру туралы
өтінішті ол жарияланған күннен бастап екі апта ішінде беруге болатындығы ескертіледі.
Құжатта көрсетілген мерзімдер:
ҚОСЫМША: ШЕШІМ, ХАБАРЛАМА КҮӘЛІП
13. Басқа мәселелер:
Басқа мәселелер:
14. Қосымшалар:
Қосымшар
Орын атауы: АЙБАСТЫ Күні: 22.07.2024 ж
Орн Күні
Айбасты
Органдардың бірі қанағаттандырылды
НАКИМ қолы және/немесе мөрі
Қол қою және/немесе Штамп

ТАРАТУ

4. «Pharmabit» ЖШС (БСН 110240011262) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 79-үй, тел. +7 701 100 0058.

9. «Нисса Евразия» ЖШС (БСН 030740004032) (050026, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 187-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050026, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 187, 113-кеңсе, тел. +7 701 734 9663.

10. «Әлем-Нұр» бөбекжай балабақшасы» ЖШС (БСН 130940015889) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Досбол Датқа көшесі, 62-ғимарат .

12. «Palisade inc» ЖШС (БСН 221240012098) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Абылай хан даңғылы, 24/1-ғимарат, тел. +7 775 950 0670.

13. «HandelsGroup (ХандельсГруп)» ЖШС (БСН 151240007819) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мәулен көшесі, 121А үй, 17-кеңсе, тел. +7 701 599 4488.

16. «Kaz Access World» (Каз Аксесс Уорлд) ЖШС (БСН 121040014165) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Шаруа қожалығы АХХ Ленинский, құрылыс 6544.

17. «ЖаңаСервис» ЖШС (БСН 190640005188) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Жуков көшесі, 13/1-үй.

18. «Байділлә» ЖШС-і (БСН 210440001878) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл ауылдық округі, Балтакөл ауылы, Тінейқұл Сүлейменов көшесі, 18-үй , индекс 160704.

19. «Makta-service» ЖШС-і (БСН 220740039799) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек Би ауылдық округі, Құрбаната ауылы, Нұр көшесі, 46-үй, индекс 160500.

20. «Salauatty Bala» ЖШС-і (БСН 221240003346) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек Би ауылдық округі, Құрбаната ауылы, Нұр көшесі, 46-үй, индекс 160500.

21. «Айдана-С» ЖШС-і (БСН 060340016621) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округі, Қызыласу ауылы, М.Маметова көшесі, 8-үй, индекс 160915.

22. «Кыдыргер» Өндірістік кооперативі (БСН 980240018428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Отырар ауданы, Қарақоңыр ауылдық округі, Қарақоңыр ауылы, индекс 160705.

23. «Байкен-7» ЖШС-і (БСН 210940020298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 27-үй, индекс 160301.

24. «Атабек-2020» ЖШС-і (БСН 191040003618) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылдық округі, Жаңа Шілік ауылы, Қажымұқан Мұңайтпасов көшесі, 35А үй , индекс 160713.

25. «Айтөре спорт өнер орталығы» ЖШС-і (БСН 250240003408) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Дүйсенбай Алтынбеков көшесі, 21В үй, индекс 160700.

26. «Отырар Дом Строймат» ЖШС-і (БСН 160140003574) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Курманбеков Д көшесі, 24үй, индекс 160700.

31. Қазақстан Республикасы Әскери сотының судьялары, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы Асқар Макенович Каировқа анасы **Баян Базаралықызының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

32. Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы отставкадағы судья Абұлғазин Айдар Есімжанұлына ағасы **Абұлғазин Сырымбет Есімжанұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн: тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖАҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Түн болса төбесін зіл батпан әл-дене басқандай, кірпік айқастыра алмайтын күйге жетті. «Иә, әруақ!» деп атам заманда бақилық болған бабаларының рухына сыйынып та көрген. «Қолды сілтеп кету керек шығар. Делқұлыға ұқсап мәңгіріп қалатын жағдайға дейін жеттік...»

Қабылжан орнынан сүйретіле тұрып, әйелінің даярлаған шайына мойын бұрмастан, ас бөлмедегі тартпадан мал жайғайтын кездікті алып қайрай бастады. Ауылдағы ең шеткері Жаппардың үйіне келгенде есік алдына байлап қойған қаракер бие мұны танығандай оқырына қараған.

«Мох, жануар! «Пәтшағар семіз-ақ екен...» деп жылқының аяқтарына шалма тастады. Көмекшісі ақсақ Жанәділ қомпаңдап жүргенімен, бірдеңе бітіріп жүргені шамалы еді... «Тарт!» – десе тартады, «тұр» десе тұрады. Бірақ мал терісін жылдам іреп, жіліктеуге төселіп қалған. Ілкімде істің көзін тауып, тыын құрап байып алған қожайын Жаппар «бүгінге екі жылқы сойып тынығындар, сойысқа бес келіден ет аласындар...» деп суыт қалаға жүріп кетті. Ол қалаға текке барып жүрген жоқ. Сондағы мейрамхана мен асхана иелерімен келісіп, ет өткізіп жүргенін бұлар біледі...

Қабылжан қаракер бие мен бір жабағыны жайғап тастап, жіліктеп болған соң, қожайынның қатыны Зураға табыстап, тиесілі нәпақаларын арқалап үйлеріне қайтқан. Ет пісірім уақытта бір жылқыны сойып тастайтын Қабылжан енді өзінің қолын жазықсыз мал қанына жуып, қалжырап жүргенін сезді. Кейінгі уақытта қабасынан қар жауған күйеуінің жүзіне тура қарамастан көңіл-күйін сезген Әсемгүлде ләм деп жақ ашпады. «Шаршаған болар...» дегенге сүйенген.

Қабылжан ас-суын жөпелдеме асығыс ішіп, үн-түнсіз төргі бөлмеге өтіп, төсекке сұлай кетті...

Келесі күні қожалық иесі Жаппар үйіне өзі іздеп келіп таудағы малшылардан бес-алты жылқы әкелуге бірге баратынын ескерткен. Бұл аса құлықты болмаса да, үнсіз келісті.

Атаспас шатқалында жусап жатқан жылқыларды қайыра қуып, сай табанындағы қораға әкеп қамғанша түс ауып кетті. Еркін жүріп кекіл жалдарын даланың сумақай желі тарап, тыңайып, тойынған жылқыларды әупірімдеп жүріп бір-бірлеп шалмалап жетекке алған. Етекке түскен соң дайын тұрған «Камаз»-ға тиеп, бес жылқыны Сарғалдаққа қарай алып жөнелді.

Жаппар жік-жапар болып, Қабылжанды асықтырып, бес жылқының етін үлкен қаладан тапсырыс берген «бизнесмен» танысына жібермек пиғылмен екі күнде «сойып тастандар» деп бұйырған. Қабылжанның өзі де, пышағы да жаланып тұр... Көңілі соқса атан түйені жалғыз жау-кемдеуге бар. Айтқан мерзімде бес жылқыны жайратып, ту-талақайын шығарды. Жанындағы Жанәділдің арақ сасып жүргені жүрегін лобытқаны болмаса, істің оң-солына бірдей ыңғай білетін ол көңілінен шыққан. Бүгін бір жырғап қалды бұлар. Он бес келіден ет арқалап, Әсемгүлдің алдына тастаған. Шиеттей балалардың аузы малжандап, өзі де сорпа-су ішіп жігісіп қалысты.

Түн жарымында ұйқыдан оянып түзге шыққан Қабылжан қарауытқан түнгі аспанға қарады. Ай бетін қою алашұбар бұлттар қымтап, көңілсіз күйге түсіріп тұр. Қораның шодыра-я шығып тұрған белағашына қадап кеткен кездігін ұмытқан жерінен суырып алып, өткір жүзін сипалап ұзақ тұрды...

Таң ата қалың ұйқыдағы ауыл ай-



ҚАСАПШЫНЫҢ
КӨЗ ЖАСЫ...

ғай-шудан сілкініп, қозғала бастаған. Таң алакеуімде Жаппар үйінің маңайында ойбайлаған, бақырған әлдекімдердің дауысы Сарғалдақтың о шеті мен бұ шетін шарлап кетті. Ары-бері жүгірген жұрт. Полиция көлігі де қызыл-жасыл шамдарын жарқырата келіп үлгерген. Көзін тырмалай ашқан Қабылжан да суыт солай беттеген.

Жаппардың даңғарадай үйінің сыртқы есігі, дарбазасы шалқайып, астаң-кестені шыққан. Есік алдында дөңкііп біреу жатыр. Сонодайда шашы жалбырап Зура ұзыннан сұлаған. Бір сұмдықтың болғаны анық. Қан көрсе қобалжымайтын Қабылжан неге екені аса селт еткен жоқ. Тек жүрегі қатты соғып кетті. Аумақтық учаскелік уәкіл ұй маңайына ешкімді жолатпай шырпыр болып жүр. Көп ұзамай мәйіттер жатқан жерлер бейне-фотоға түсіріліп, сәлден соң арнайы көлікке тиеліп жатты.

«Ойпырма-ай! Сұмдық қой бұл! Түнде болған екен. Екеуін де бауыздап кетіпті! Не болып барады, Аллаһ сақтай гөр!» – деген қонсы отырған Қажым қарттың дауысын жазбай таныған. Қабылжан біразға дейін өз-өзіне келе алмай, мәңгіріп тұрды. Ауданнан келген із кесушілер маңайды жіті шарлап, сүт пісірім уақыттан соң көше бойындағы арықтан қанға боялған суық кездік тауып алды. Оны ары-бері аударыстырып қараған тергеуші өңі бозарып тұрған Қабылжанға таяу келді. «Көке, сізге не болды? Көмек қажет емес пе? Сырқаттанып тұрған жоқсыз ба?» деп тіл қатты. Өз ойынан селк еткен Қабылжан қапелімде не дерін білмей:

– Жоқ, рақмет! Осы кісінің малдарын сойысып нәпақы тауып жүрген едім. Мұн-дай бол-а-ады деп кім ойла-ға-н?... – деп тұтыға берді...

Тергеуші қолындағы айғақ затты мұның алдына әкелгенде өзі қолданып жүрген үлкен кездікті жазбай таныды.

– Аты-жөніңіз?

....

– Түсінікті...

– Пышақ таныс па?..

– Иә, мен пайдаланып жүрген сойыс пышағы бұл...

– Қабеке, заң талабы солай. Мен сіздің саусақ таңбаларыңызды алуға тиіспін! Қарсы емессіз бе?

– А..аа.. Әрине... Қарсы емеспін!

– Ендеше анау көлікке жүріңіз!

Сырттай таң-тамаша болып тұрған біраз жұрт Қабылжанға оқты көздерімен қарап қалысты. Оның ту сыртынан «Осы неменің лаңы болмаса нетті? Сүмірейгеннен сойқан шығады демекші. Өткенде қарызға ақша бермеді деп бүлініп жүрген еді...» деген қаңқу сөздер Сарғалдақтың төбесімен қалқи жөнелді.

Көлікке тиелген мәйіттер «моргке» жөнелтіліп, жұрттар үйлеріне тарай бастады. Тек Қабылжан қожайын үйінің маңынан ұзаққырап барып, ұзақ тұрып қалды. Полиция сараптау жұмыстарын тиянақтап, үйдің есік-терезесін мөр басылған қағаздармен қоса құлыптап жөніне кетті...

Учаскелік уәкілдің тірек пунктінен сүлесоқ оралған күйеуінің көзіне бағжия қараған Әсемгүл:

– Күйеуім-ау, не болды? Сенің бұған қатысың қанша? Малың сойып, нанын тауып жегеніңді де көп көрді ме бұлар? – деп кемсеңдей берді.

– Заң шеңберінде деді ғой, көреміз...

– Сонда заңы кім көрінгеннен көре бере ме жазған-ау!.. – деп әйелі ойбайға баса берген еді, ол мұны қатқыл үнмен тыйып тастады:

– Жап аузыңды! Жамандық шақырмай...Бұйырғанын көрерміз...

Аудандағы моргке әкелінген мәйіттер экспертизаға жіберілді... Марқұмдардың қаладағы ұл-қызы, туған-туыстары да сонда жүр. Суық хабар сумаңдап оларға да жеткен. Жақындары «аһ» ұрды. Тіпті кейбіреуі талып жатты. Соттық-сараптау жұмыстары үшін біраз заттары тексеруге жеткізілген еді. Тергеуге қажетті деректер қатталып, басқармаға жіберілген болатын. «Қылмыс болған орында үйден ақша мен біраз құжаттар табылмады. Яғни негізгі қылмыстың мотиві – көп ақшаны қолға түсіру болған. Ал Зураның өлімі кездейсоқ күәгерді артта қалдырмау үшін болған», – деген болжам ақылға қонымдырақ деп өз ойын пысықтай түсті тергеуші...

Қабылжан таңғы асын ішіп, үйінің ауласындағы артық-ауыс заттарды жиыстырған болып жүр. Балалар мектепке жөнеліп, жары кір-қонды жууға кіріскен еді. Есік алдына келіп тоқтаған қоңыр «Уазик» ішінен түскен бойшаң екі жігіт осылай қарай беттеген.

– Ассалаумағалейкум, ағасы!

– Уәлікіс-с...с...

Қолын шекесіне көлегейлей қараған Қабылжан мұрнының астынан міңгір еткен болды. «Өткендегі кездікті «танытқан» осы ғой» деп танып үлгерді...

– Қабеке!

– Әу....

– Сіз Қылмыстық-процестік кодекстің 132-бабы негізінде күдікті ретінде қамауға алынасыз!

– Ө, не дейт?!...

Көпке дейін үнсіз қалған ол:

– Мейлі...тағдыр солай үкім етсе оған да көндік! – деп өңі сұрланған күйі қос қолын кісенге ұсына берді.

– А, Құдай-ау не жаздык ? Жалғыз асыраушымыз да көп көрдіңдер ме? – деп жалма-жан күйеуіне қарай жүгірген Әсемгүлге алара қараған Қабылжан:

– Тәйт! Балаларға ие бол! Құдайдың қатысы жоқ мұнда! Мені ұстады, болды! – деп көлікке қарай жүріп берді.

– Жеңеше, сабыр етіңіз! Біз әлі тексереміз! Бұл істің соңы емес. Айғақ зат – пышақтан күйеуіңіздің саусақ таңбалары ғана табылды...

Аң-таң қалған әйеліне көзін жұма бас изеген Қабылжан мінген көлік ауылдан ұзай берді...

Тергеуші Қасымханов күдікті Қабылжан Қайнаровтың берген жауаптарында «иә», «жоқ» дегеннен өзге тұшымды жауап ала алмады. Тек түсінгені марқұмдар отбасында жалданып малын қайырып, соғымын сойып бергені, Жаппар өлімі орын алардан үш күн бұрын кешкілік қарызға ақша сұрап барғанын ғана тілге тиек еткен...

Сізге сұраған ақшаңызды берді ме? Жоқ. Мен бір-екі жылқы сатып алуға қомақты ақша сұрадым. Аузым қу шөппен сүртіп шығарып салды...

Сонан соң түнде келіп есеп айырыстыңыз ба сонда?!

– Жоқ.

– Бөтен біреулерді байқадыңыз ба үйінен?

– Байқамадым...

– Пышақтағы саусақ ізі сіздікі ғой. Ол пышақты не үшін арыққа лақтырдыңыз?

– Лақтырғам жоқ. Пышақты мал сойып біткен соң, жазғы ас бөлмесінде қалдырғам....

– Бұрындары өзара бас араздықтарыңыз болып па еді?

– Болмады дей алмаймын. Ұрыскеріс болған. Ұсақ-түйек қой...

– Сізді Жаппар мырзаның қорқы-

ту, үркіту, ұру-соғу сияқты әрекеттері болды ма?

– Жоқ! Кейде арақ ішкенде болмашы ерегіс туатын...

– Түсінікті...Басқа да ескі реніштер болса есіңізге түсіріп көріңіз...

– Басқа бас араздығым жоқ!

– Тергеу ісін қасақана жалған айттып жолдан бұрсаңыз, жауапқа тартылатыныңыз есте болсын, ағасы!

– Тартып отырған жоқсың ба?..

Екеуі де еріксіз мырс етті...

Тергеуші капитан Қасымхановтың бір ойы Қабылжанның ішінде бүккен құпия сыры барына шүбәсіз сенсе, екінші ойы оның шаруа иесі өліміне қатысы жоққа сайды. Әйткенмен, өзіне сенімді болу үшін әйел, бала-шағасынан жанамалата сыр тартқанды жөн көрді:

Сол түні күйеуіңіздің жаныңызда болғанына куәлік бересіз бе?

Бермегенде ше, қойнымдағы байымды мен білмей қара басып па? Оның басы жастыққа тисе болды, жау келсе де қорылға басып ояна қоймайды...

– Ол үйге мал сойыстан соң пышағын әкелуші ме еді?

– Иә, әрине. Өзі жанып, қайрап қайта апаратын...

–Сіз жұмыс істеп жүрсіз бе?

–Жоғ-а... Мен екі баланың «пособиясына» қарап отырмын...

–Күйеуіңіздің марқұм Жаппар Қабыловтан қарызға ақша сұрағанынан хабардарсыз ба?

–Әрине. Ол маған балалармен төркіндеп қайт деп ақша бермекші еді. Қанша сұрағанында не шаруам бар?

– Ішімдік ішкенде отбасында жанжал шығаратын мінезі жоқ па?

– Қайдағы. Ол сорлы арақ та көтере алмайды. Дереве ұйықтап қалатыны бар, – деп көңілсіз күлімсіреген Әсемгүл «үһ» деп күрсініп алды.

– Түсінікті, рақмет!

Асықтарын асықпай санап отырған қараторы балаға еріксіз назары ауған тергеуші:

– Балақай, атың кім? –деп сұрады.

–Нұрбол.

– Нұрбол нешедесің?

– Алтыда...

– Папаң қандай адам? Сен оны жақсы көресің бе?

– Папам жақсы. Мен оны қатты жақсы көремін, – деп міңгірледі ол тергеушіге назар салмастан.

– Сені өзімен бірге қонаққа апара ма?

– Жоқ. Оның қолы тимейді...

– Жарайды, дәу жігіт бол! – деп орнынан көтерілген ол Нұрболдың басынан жеңіл сипап сыртқа беттеді.

Қабылжан қатты жүдеді. Отбасының жалғыз асыраушысын абақтыға қамап күдікті ретінде ұстағалы екі ай зырлап өте шықты. Ара-тұра әйел, бала-шағасы келіп ас-ауқатын беріп тұрғанымен, өз бетінше еркін жүріп-тұрып қалған ол тар қапаста жаралы бөрідей аласұрып, тыным таппады. Тор терезенің ар жағындағы әрбір тұқыр мен дауысқа елегізіп, есі кетіп жүр. Тергеуші мен адвокаты әрәкідік келіп бірді-екілі сауал қойғаны болмаса, артық ауыз ештеңе айтып жарытпады. «Ойпырма-ай!..Мұндай болар деп кім ойлаған?...» деп өз ойымен әуреге түскен ол түн баласы ұйқыдан да қалған. Бастырылып оянатын болған.

Түнеугүні марқұм Жаппар алқымынан қысып жатқандай шошып оянған. Еріксіз қорқыныш өне-бойын билеп, дегбірі қашып жүр. «Соттаса да бала-шағамды ескеріп аздаған мерзім берсе жарар еді...» деп өзін-өзі «жұбатуға» көшетінді шығарды. Әнеугүні адвокаты Қанат есімді жас жігіт келіп «жаныңыздан қосып ештеңе айтпаңыз. Сізді ертерек шығару мүмкіндігін қарастырып жатырмын», – деп сөнгуге айналған үміт шоғын үрлеп кеткен еді...

(Жалғасы бар)

Арман ЖУСАНБАЙ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5990 дана
Апталық таралым 11980 дана

Тапсырыс №131 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31